

ЕЛДІКТІҢ МЕРЕЙІ –
ЕГЕМЕНДІК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен Республика күніне арналған салтанатты жиын өтті. Ақорда төріндегі басқосуға түрлі саланың үздіктері, қоғам қайраткерлері мен өнер майталмандары да қатысты.

Президент әуелі 35 жыл бұрын Қазақстанның Егемендігі туралы декларация қабылданғанын, дәл сол күні сан ғасырлық мемлекеттілік дәстүріміз қайта жаңғырғанын тілге тиек етті. Көп ұзамай жұртымыз Тәуелсіздік байрағын көтерді. Тарихи әділдік орнап, ұлттың рухы асқақтады.

— Тәуелсіздік — бәрінен қымбат құндылығымыз. Оны сақтап, нығайта түсу — баршамызға ортақ қасиетті борыш. Егемендік — ата-бабаларымыздың ұлт мүддесі жолындағы өшпес ерлігінің айқын көрінісі. Заңғар ойшыл Әбіш Кекілбаев «Өткеннен тағылым, ертеңнен үміт іздегендер ғана ілгері баса алады» деген. Біз әр кезеңде ұлт тарихында өшпес із қалдырған барлық мемлекет және қоғам қайраткерлеріне құрмет көрсетеміз, оларды ешқашан ұмытпаймыз. Сонымен бірге келешекке үлкен үмітпен, зор сеніммен қараймыз, биік максаттарға ұмтыламыз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы осы жылдарда Қазақстанның бағындырған белестері аз емесін еске салды. Жер жүзіне егемен мемлекет ретінде танылды, шекарасын шегендеп, іргесін бекітіп, қауіпсіздігін қамтамасыз етті. Бірлігімізді бекемдеп, татулық пен тұрақтылықтың арқасында түрлі сынақтардан сүрінбей өтті. Бүгінде жаһан жұрты еліміздің өсіп-өркендеп келе жатқанына куә болып, өз құрметін көрсетуде.

— Алайда кемшіліксіз, мінсіз жұмыс болмайтыны анық. Біз өткеннен сабақ алып, ешкімге жалтақтамай, өз жолымызбен жүріп келеміз. Соңғы жылдары халықтың әл-ауқатын арттыру үшін аса маңызды қадамдар жасалды. 2019 жылы ауқымды реформалар қолға алынды. Қазақстан жаңа тұрпатты ел болу жолына түсті. Жалпыхалықтық референдум арқылы Ата Заңымызға түзетулер енгізілді. Парламенттің құзыреті кеңейді, Үкіметтің жауапкершілігі артты. Конституциялық сот құрылды. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институты конституциялық мәртебеге ие болды. Биыл шілде айынан бастап



Кассациялық сот жүйесі іске қосылды, бұл қоғамымызда әділеттілікті күшейтуге жағдай жасады, — деді Президент.

Сондай-ақ Әділетті Қазақстанды құру жолында басқа да нақты шаралар қолға алынғаны айтылды. Азаматтарымыз мемлекеттік маңызы бар шешімдер қабылдауға белсенді түрде араласа бастады. Ауыл, аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдері тікелей сайланатын болды. Ауыл әкімдерінің барлығы, ал аудан әкімдерінің 25 пайызы жаңарды. Осылайша, билік жүйесі айтарлықтай өзгерді. Елімізде «Күшті Президент — ықпалды Парламент — есеп беретін Үкімет» қағидаты орныға түсті.

Қасым-Жомарт Тоқаев әлемдегі канша келеңсіздіктерге қарамастан Қазақстан саяси реформаларды табысты іске асырып, экономикалық әлеуетін сақтай алғанын жеткізді.

— 2019 жылдан бері экономикамыз 16 пайызға өсті, биыл осы көрсеткіш шамамен 137 триллион тенге, яғни 291 миллиард доллар болады деп күтілуде, бұдан да асуы мүмкін. Бұл Қазақстанның біздің аймақтағы ең үлкен экономика екенін көрсетеді. Жан басына шаққанда ішкі жалпы өнім 47 пайызға артып, 14 400 долларға жетті. Бұл — Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері арасындағы ең жоғары көрсеткіштің бірі. Қазақстанның алтын-валюта резервінің көлемі 58 миллиард долларға жетті. Жеті жылда сыртқы сауда айналымы 83 пайызға артып, бүгінде 142 миллиард доллар болды, — деді Мемлекет басшысы.

Президент еліміздің көлік-тасымал саласын стратегиялық маңызды бағыт ретінде дамытып жатқанын айтты. Өткен айда «Достық —

Мойынты» теміржолының екінші желісі іске қосылды. Бұл — егемендік кезеңінде салынған ең ірі теміржол құрылысы. Сондай-ақ биыл 13 мың шақырым автокөлік жолы салынып, жөнделді. Қытай арқылы ауқымды жүк тасымалдау мүмкіндігіне ие болдық. Әуе қатынасы саласындағы табыстар аз емес. Биыл 36 жаңа әуе рейсі ашылды, олардың ішінде Азия мен Еуропаның ірі қалалары бар.

— Елімізде өндіріс те дамып келеді. Бұл саланың өсімі жыл басынан бері 7,5 пайызға жетті. Шағын және орта бизнестің экономикадағы үлесі 40 пайызға жақындады. Кәсіпкерлер еліміздегі еңбекке қабілетті азаматтардың жартысына жуығын жұмыспен қамтып отыр. Құрылыс саласы қарқынды дамып жатыр. Былтыр Қазақстанда 19 миллион шаршы метрге жуық тұрғын үй салынды. Бұл — Тәуелсіздік жылдарындағы ең жоғары көрсеткіш, нәтижесінде мыңдаған отбасы баспаналы болды. Ауыл шаруашылығы саласындағы жалпы өнім көлемі 2,5 есе өсті. Биыл да қамбамыз астыққа толды, 20 миллион тоннадан астам бидай жиналды. Қазақстанның экспорттық әлеуеті артуда, сауда серіктесі ретіндегі беделі нығаюда, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Қазақстанның Конституция бойынша әлеуметтік мемлекет екеніне көңіл бөлді. Сондықтан еліміз жауапты, құрметті миссияны міндетті түрде орындауы қажет. Әлеуметтік стратегиямыз тиімді, әділетті болуы керек. Осы тұста «Ұлттық қор — балаларға» бағдарламасының жүзеге асырылып жатқанына зер салды. Бұл өскелең ұрпақ үшін жасалған үлкен қадам.

(Жалғасы 2-бетте)

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ
ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ
РЕСПУБЛИКА КҮНІМЕН
ҚҰТТЫҚТАУЫ

Қымбатты отандастар!

Республика күні құтты болсын!

Қазақстан осыдан 35 жыл бұрын Егемендік декларациясын қабылдап, жаңа дәуірге қадам басты. Тарихи құжатта халқымыздың өз болашағын дербес айқындау құқығы нақты көрініс тапты. Сол арқылы бостандықтың байрағын көтеріп, заманауи мемлекет құруымызға жол ашылды.

Содан бері еліміз қиын да күрделі жолдан өтті. Біз Тәуелсіздігіміздің саяси-экономикалық тұғырын бекіттік, шекарамызды айқындап, оны бүкіл әлемге таныттық, жаңа астанамызды салдық. Сондай-ақ жалпыұлттық бірегейлігімізді нығайту, азаматтарымыздың әл-ауқатын арттыру жолында зор жетістікке қол жеткіздік. Қазақстан саликалы әрі сындарлы сыртқы саясатының арқасында өзінің ұлттық мүддесіне адал, халықаралық абырой-беделі жоғары мемлекет ретінде қалыптасты.

Дегенмен алдымызда бұдан да зор міндеттер тұр. Біз қазіргі алмағайып замандағы орасан сын-қатерлерге қарамастан, барлық азаматқа бірдей мүмкіндік беретін Әділетті Қазақстанды құрып жатырмыз. Саясаттағы, экономика мен әлеуметтік саладағы реформалар Отанымыздың өсіп-өркендеуін қамтамасыз етіп, халқымыздың тұрмыс сапасын арттыруды көздейді.

Біз «Заң және тәртіп» қағидатын, «Таза Қазақстан» идеологиясын, отаншылдық пен тілеуестік, еңбеккорлық пен жауапкершілік, білімпаздық пен кәсібилік құндылықтарын қоғамда барынша орнықтырып, келешегіне сеніммен қарайтын озық ойлы ұлт ретінде қалыптасып келеміз.

Әр буынның өз миссиясы бар. Осы орайда, бабалар өсиетін ұмытпай, қастерлі Тәуелсіздігімізді нығайта түсу, Қазақстанды дамыған, жасампаз әрі әділетті ел ету — бірімізге ортақ парыз.

Біз еселі еңбектің, өзара қолдаудың және ең бастысы, мызғымас бірліктің арқасында барлық жоспарымызды табысты жүзеге асырып, жаңа белестерді бағындыра беретінімізге сенімдіміз.

Еліміздің келешегі — әрқайсымыздың қолымызда. Қазақстанның көк Туы әрдайым биікте желбіресін! Баршанызға зор денсаулық, бақ-береке және мол табыс тілеймін!

САЛТАНАТТЫ КЕШТІ
ТАМАШАЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Республика күніне арналған «Рухтың асқары — Қазақстан» мерекелік концертіне барды. «Астана Опера» театрының сахнасында қазақстандық белгілі әртістер мен шығармашылық ұжымдар өнер көрсетті.

25 ҚАЗАН 2025 | СЕНБІ

ЕЛДІКТІҢ МЕРЕЙІ – ЕГЕМЕНДІК



(Басы 1-бетте)

— Біз озық ойлы ұлт болуымыз керек. Бәсекеге қабілетті ел болу үшін, ең алдымен, білім-ғылымды дамыту қажет. Сондықтан бес жылда білім беру саласына бөлінетін қаржыны үш есе арттырдық. Ұстаздардың жалақысын екі есе ұлғайттық. Қазіргі таңда қоғамымызда мұғалім мамандығының мәртебесі анағұрлым көтерілді. 1 200 жаңа мектеп аштық. Соның ішінде «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында көптеген білім ордасы бой көтерді. Ұлттық ғылымды қолдауға да мән беріп отырмыз. Бұл салаға салынған қаражат бес жылда 5 есе өсті. Шетелдің 33 беделді университеттерінің филиалы ашылды. Сондай-ақ ұлт саулығын жақсарту үшін жүйелі шаралар қабылданды. 2020 жылдан бері медицина саласына бөлінетін қаржы 3 есе артты. 927 медицина нысаны ашылды. Еліміздегі орташа өмір сүру ұзақтығы 75 жас-тан асты, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның қауіпсіз ел болуы керек екенін жеткізді. Сондықтан «Заң мен тәртіп» қоғамның басты қағидаты саналады. Осы жұмыстың аясында жемқорлыққа қарсы күрес жалғасып, күшейеді, онсыз Әділетті Қазақстан туралы айтудың өзі қисынсыз. Кейінгі бес жылда қылмыс саны және көшедегі бұзақылық едәуір азайды, қылмыстық ахуал қатаң бақылауға алынды. Тұрмыстық зорлық-зомбылық оқиғалары азаюда, еліміздің бұл мәселеге қатысты тәжірибесіне шетелдік сарапшылардың ықыласы күшейді. Түптеп келгенде, «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы — еліміздің жарқын болашағын құру үшін аса маңызды тетік.

Президент елімізде «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы жүзеге асырылып жатқанын айтты. Былтырдан бері шамамен 2,8 миллион гектар жер тазартылды, 4 миллионнан астам ағаш отырғызылды. Ең бастысы, азаматтарымыздың экологиялық сана-сезімі, бүкіл болмысы өзгере бастады.

— Қазақстанымыз Әділетті, Қауіпсіз, Таза, Күшті ел болуы керек. Бұл — жалпыұлттық стратегиялық мақсатымыз, барша азаматқа ортақ міндет, қастерлі парыз. Озық ел болу үшін біз әлі талай белесті бағындыруымыз керек. Тұрақтылық пен тыныштықтың кәдірін білу қажет. Әсіресе, мұны жастарымызға дұрыс түсіндіріп, оларға бағдар көрсеткен жөн. Еліміздің ертені — өскелең ұрпақтың қолында. Сондықтан жастарымызды ең алдымен Адал азамат етіп тәрбиелеу қажет. Адал азамат дегеніміз — елін, жерін сыйлайтын, заңға бағынатын, білімге ұмтылатын, ұлттық құндылықтарды қолдайтын және ел бірлігін нығайтуға үлес қосатын азамат. Еліміздің озық болуы осындай отаншыл, тәртіпті, білімді, мәде-

ниетті, белсенді және ойы ұшқыр жастарға тікелей байланысты. Өз қабілетіне сенетін, көзі ашық, көкірегі ояу, еті тірі, еңбекқор адамның ешкімге тәуелді болмайтынын жас ұрпақ ұғынып өсуі қажет. Әр азаматымыз өз ісіне тиянақты, ұқыпты және жинақы болса, тұтас мемлекет те табысты болмақ, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы бәсекеге қабілетті ұлт болуымыз керек екенін де сөз етті. Бұл — ең алдымен, ұлтымыздың сапасы, яғни азаматтарымыз заманауи, озық ойлы, жасампаз болуы қажет деген сөз. Қазіргі аса күрделі, құбылмалы және қарама-қайшылыққа толы заманда озық ел болу оңай шаруа емес.

— Бәріміз бір ел болып қолға алған реформалардың түпкі мақсаты — Қазақстанды жаңа жағдайға бейімдеу, сол арқылы еліміздің егемендігін нығайтып, бәсекеге қабілетін арттыру. Мемлекет басшысы ретінде мен жеріміздің тұтастығын, еліміздің дербестігін және экономикалық дамуын қамтамасыз етуім керек. Бұл — менің азаматтық борышым. Қазір әлем түбегейлі жаңа тарихи кезеңге қадам басты. Бәріміз де мұны көріп-біліп отырсыздар. Бір жағынан, қақтығыстар мен соғыстар азаймай тұр, басқа жағынан, жоғары технологиялар, жасанды интеллект тез дамуда. Осындай күрделі жағдайда еліміз дамуың даңғыл жолына түсті. Барша елмен достық қатынас орнатып, мемлекетімізді сенімді серіктес ретінде таныттық. Соның арқасында энергетика, көлік, логистика, ақпараттық технология, ауыл шаруашылығы және басқа да салаларға қомақты инвестиция тартып жатырмыз. Қазіргі алмағайып заманда сапалы дипломатия дәстүріне негізделген сыртқы саясатты ұстану айрықша маңызды. Біз мемлекеттердің бәрі өзара тіл табысып, ортақ мәмілеге келе білгені жөн деп санаймыз. Өзара сенім мен құрметті нығайтып, әріптестік қарым-қатынасты дамыту қажет деп есептейміз. Жакында Алматыда Біріккен Ұлттар Ұйымының Орталық Азия мен Ауғанстан үшін орнықты даму мақсаттары жөніндегі өңірлік орталығы ашылды. Мұны зор жетістік деп айтуға болады, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының мерейтойлық сессиясында негізгі халықаралық мәселелерге баса назар аударып, бірқатар ұсыныс айтқанын жеткізді. Әлемде барлық елдің мүддесі ескерілетін әділ халықаралық қатынастар жүйесін орнату керек. Қазақстан дүниежүзі қауымдастығының жауапты әрі ықпалды мүшесі ретінде алдағы уақытта да теңгерімді әрі сындарлы сыртқы саясат жүргізе береді.

— Біз ауқымды жаңғыру кезеңіне қадам бастық. Мақсатымыз — баршаға тең мүмкіндік ұсынатын, өркендеу жолындағы

Әділетті Қазақстанның іргесін қалау. Таяуда халыққа арнаған Жолдауымда Парламентті реформалау туралы мәлімдедім. Бұл бастаманы алдын ала жариялауымның өзі еліміздегі саяси үдерістердің ашық жүріп жатқанын көрсетеді. Биліктің заң шығарушы тармағын өзгерту соңғы жылдары жүзеге асырылған жан-жақты жаңғырудың қисынды жалғасы болмақ. Барлық ұсынысымыз Қазақстанның эволюциялық дамуына қатысты азаматтарымыздың мүддесі мен сұранысына негізделген. Ал еліміз алға жылжып, дамуы керек. Бұған еш күмән жоқ, болуы да мүмкін емес. Жоспарланған өзгерістер Парламенттің құзыреті мен беделін күшейтеді. Конституцияға енгізілетін өзгертулер Парламентке ғана қатысты емес, сондай-ақ Президент, Үкімет туралы бөлімдерді және саяси жүйенің басқа да қырларын қамтиды. Түзетулердің жалпы көлемін және 2022 жылғы конституциялық реформа аясында жүзеге асқан бастамаларды ескерсек, мұны жаңа Конституция қабылдауға барабар іс деуге болады. Әйтсе де, Қазақстан Республикасы күшті президенттік билікке арқа сүйеген мемлекет болып қалуға тиіс екенін атап өткім келеді, — деді Қазақстан басшысы.

Мемлекет басшысы саяси бағдар мен қабылдаған нақты шешімдер ұлтымыздың ұзақмерзімді мүддесі мен мемлекеттің қауіпсіздігін қорғау, елді дамыту қағидаттарын көздейтінін айтты.

— Жолдауда бірпалаталы Парламентті пропорционалды сайлау жүйесі арқылы жасақтау қажет екенін ашық айттым. Бірпалаталы Парламентті тек партиялық тізім бойынша қалыптастыру партиялардың институционалды негізін нығайтуға септігін тигізеді. Сайлаушылармен жүйелі жұмыс істеуіне ықпал етеді. Яғни, мемлекеттілігімізге пайда әкеледі. Бұл ешқандай кері кету немесе демократиялық қағидаттардан бас тарту емес. Ел қамын ойлап, саяси тұрғыдан салмақтап осындай ұйғарымға келдім, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, аймақтық деңгейде азаматтар билікпен тікелей әрі тұрақты қарым-қатынас жасайды. Сондықтан жергілікті мәслихаттар мен әкімдіктер белсенді жұмыс істеп, елдің мұң-мұқтажын шешуде маңызды рөл атқаратынын көрсетуге тиіс. Кейінгі жылдары тікелей сайлау институты айтарлықтай кеңейді. Әуелі ауыл әкімдерін сайлау енгізілді, кейін ол аудан, содан соң облыстық маңызы бар қала басшыларын сайлауға ұласты.

— Реформалар — табиғи үдеріс, мұнда артық консерватизмге орын жоқ. Жергілікті мәслихаттарды сайлауда мажоритарлық жүйені сақтау керек деп санаймын. Осы тұста тағы да атап өткім келеді: мемлекеттік маңызы бар кез келген мәселе бойынша шешуші сөзді азаматтарымыз айтуға тиіс.

Конституциялық реформа жасалған кезде, сондай-ақ атом станциясын салу мәселесін талқылаған уақытта дәл солай болған. Қазір де солай болмақ. Бұл елімізде жаңа саяси мәдениеттің пайда болғанын көрсетеді, яғни бұл — қоғам көкейінде жүрген аса өзекті мәселелерді шешудің жаңа дәстүрі қалыптасып жатыр деген сөз, — деді Мемлекет басшысы.

Осы тұста Президент жыл сайын азаматтарымыз түрлі салада топ жарып жатқанын тілге тиек етті. Бұл халқымыздың жасампаз болмысын паш етеді. Жастарды осындай ізгі амалдар жасауға ынталандырады, ұлттық рухымызды жани түседі.

— Higgsfield AI стартапы — биылғы айтулы жетістіктердің бірі. Оны Қазақстанның алғашқы «сынарымүйіз» стартапы деуге болады. Әдетте жаһандық нарықта бір миллиард долларға немесе одан да қымбатқа бағаланған компанияларды осылай атайды. Бұл бірегей жобаның негізі Astana Hub алаңында қаланған болатын. Мұны математика және физика пәндерінен жасөспірімдер арасындағы халықаралық олимпиада жеңімпаздары, дарынды энтузиастар жасады. Осындай мықты азаматтар — еліміздің келешегі. Жас кәсіпкерлер, ғалымдар, инженерлер, IT-мамандар Қазақстанның жаңа элитасын қалыптастыруда. Ал жаңашылдық — ұлттық сипатымыздың маңызды қырына айналды. Демек, мемлекет қолдау көрсетсе, білімді, еңбекқор балаларымыз бен немерелеріміз әлемдік нарықта сұранысқа ие жоғары технологиялық өнімдер жасай алады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан басшысының айтуынша, уақыт оздырмай, білімге негізделген экономика құруға кірісу қажет. Жасанды интеллект дәуірінде жаңа салалар мен бизнес түрлері міндетті түрде пайда болады. Бұл ойлы, алғыр жастар үшін нағыз жарқырай көрінетін сәт. Мемлекет пен қоғам жас таланттарды қолдауы керек.

— Мемлекет, бизнес және жалпы қоғам күш біріктіргенде ғана Әділетті Қазақстанды құра аламыз. Еліміз еңсесін тіктеді, аяғына нық тұрды. Экономикада он қарқын байқалады. Халықаралық қаржы институттары тарапынан жоғары несие рейтингін иеленуде. Экономика дамуының негізгі көрсеткіші — халықтың әл-ауқаты мен тұрмыс сапасының артуы. Бұл — менің берік ұстанымым. Жалпы, мемлекет түйткілдерді біртіндеп шешіп келеді. Ең маңыздысы — нәтиже, өзімізді жарнамалау емес. Кез келген азамат білімі мен еңбекқорлығының арқасында қабілет-қарымын көрсетіп, іскерлік, шығармашылық немесе мемлекеттік қызметтегі мансабында табысқа жететін орта, қазір жиі айтылатын экожүйе қалыптастыруға күш салып жатырмыз, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөзінше, біз осылайша Қазақстан азаматтарының жасампаз рухын сыйлауымыз керек. Мұндай игі үрдісті жан-жақты қолдау қажет. Ел мүддесі үшін биік мақсаттарға ұмтылыс ұлттық болмысымызға тән қасиет болуы керек. Армандау, алға мақсат қою — өте дұрыс. Алайда қазіргі заман нақты іс-әрекеттің уақыты екенін ұмытпаған жөн. Сондықтан елге пайдалы, болашаққа қажет істермен айналысу керек. Сөз жүзінде емес, іс жүзіндегі отаншылдық, яғни нағыз патриотизм дегеніміз — осы.

— Мемлекетіміздің Егемендігі туралы декларацияның 35 жылдығы — еліміз үшін аса маңызды тарихи меже. Көптеген елдердің тарихына қарайтын болсақ, мұндай құжаттар ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, ғасырлар бойы сақталады, азаматтық сана-сезімнің мызғымас негізі ретінде қызмет етеді. Сондықтан Егемендік туралы декларация, бұл — мемлекеттігіміздің берік арқауы, халқымыздың жарқын болашаққа ұмтылысының айқын көрінісі. Егемендігімізді жариялаған алғашқы күннен бастап мемлекеттілігімізді бекемдеп, халқымыздың әл-ауқатын арттыру жолынан айныған емеспіз. Бұл — ең дұрыс стратегия, — деді Президент.



МӘРТЕБЕСІ АСҚАН МАЙТАЛМАНДАР

Республика күні қарсаңында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен еліміздің әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани дамуына, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға елеулі үлес қосқан және белсенді қоғамдық қызмет атқарған бірқатар азамат мемлекеттік наградалармен марапатталды. Олардың қатарында еңбек ардагерлері, жұмысшылар, өндіріс, бизнес, білім беру, ғылым, денсаулық сақтау салаларының өкілдері, әскерилер, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, спортшылар, мәдениет және өнер қайраткерлері бар.

Өндірісті өркендетуге және агроөнеркәсіп кешенін дамытуға зор үлес қосқаны үшін Солтүстік Қазақстан облысындағы «Мәмбетов және К» КС механизаторы М.Қаражұмановқа, тау-кен саласындағы айтулы жетістігі және ұзақ жылғы еңбегі үшін Қарағанды облысындағы «Qargmet» АҚ «Шахтинская» шахтасының учаске бастығы С.Чернобайға «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы берілді.

Павлодар облысындағы «Галицкое» ЖШС директоры А.Касицин «Отан» орденімен марапатталды.

«Бакыршық тау-кен өндіру кәсіпорны» ЖШС басқарма төрағасы К.Исаев, Қазақстан журналистикасының ардагері С.Харченко І дәрежелі «Барыс» орденімен; «Ақтоғай» су электр стансасының директоры Т.Баймолдаев, Ұлттық ғылым академиясының академигі О.Сәбден, еңбек ардагері Е.Тәжиев, «Алматы әуендері» концерттік оркестрінің бас дирижері М.Серкебаев және басқалар ІІ дәрежелі «Ба-



рыс» орденімен; К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің профессорлары А.Алматов пен Н.Измаилов, «Ақсайгазсервис» АҚ холдингі компаниялар тобы директорлар кеңесінің төрағасы Т.Шектебаев, ақын Ә.Беркенова және басқалар ІІІ дәрежелі «Барыс» орденімен наградталды.

Еліміздің рухани кемелденуіне және зияткерлік әлеуетінің дамуына елеулі үлес қосқаны

үшін белгілі ғалымдарға, мәдениет қайраткерлеріне және өндіріс саласының өкілдеріне «Парасат» ордені берілді. Олардың қатарында «Ильинское» ЖШС директоры А.Бурлев, ақын Ғ.Жайлыбай, «Мұнай-газ кешені ардагерлері» РҚБ кеңесінің мүшесі Т.Хасанов, Қазақстан журналистикасының ардагері Е.Брусиловская, Шығыс Қазақстан облыстық ауруханасының бөлім меңгерушісі М.Башабаев және басқалары бар.

Бейбітшілікті, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға қосқан үлесі үшін Social theater-Samogli (Италия) театрының көркемдік жетекшісі Аккавива Джузеппе ІІ дәрежелі «Достық» орденіне лайық деп танылды.

«Құрмет» орденімен марапатталғандардың қатарында Астанадағы №3 қалалық балалар ауруханасының бас дәрігері М.Абдуов, «Құмқұдық» ЖШС бас инженері Б.Айтжан, QazaqGaz Аймақ Алматы өндірістік филиалының слесарі Г.Жасыбаева,

Ұлттық ядролық орталықтың лаборанты Ю.Карягин, Орталық мемлекеттік архивтің директоры С.Шілдебай, актриса Г.Дусматова, «Альтернатива» өзекті зерттеулер орталығының директоры А.Чеботарев және басқалары бар.

Ұлт бірлігін нығайту және қоғамдық келісімді қамтамасыз ету жолындағы жемісті еңбегі үшін «Ел бірлігі» орденімен «Ахыска» түрік этномәдени орталығының Шымкент қаласы филиалының төрағасы Л.Асанов, Павлодар облысы бойынша орыс, славян және казак ұйымдары қауымдастығының төрағасы В.Берковский, «Возрождение» Қазақстан немістері бірлестігі қамқоршылар кеңесінің төрағасы Е.Больгерт, «Тан» татар-башқұрт этномәдени орталығының төрағасы Р.Валиев, «Дустлик» өзбек этномәдени бірлестіктерінің қауымдастығы төрағасының орынбасары А.Исмагуллаев марапатталды.

Өнеркәсіп, көлік, құрылыс, ауыл шаруашылығы және басқа да өндірістік салалардың еңбеккерлері ІІІ дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденінің кавалері атанды.

«Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы мәдениет саласының көрнекті өкілдері З.Алтынбаеваға, Ә.Алтынбекке, Н.Жмеренецкаяға,

Б.Қажыбаевқа, белгілі кәсіпкер, қоғам қайраткері И.Сауэрге және тағы да басқаларға берілді.

«Қазақстанның халық жазушысы» атағына ақын М.Айтқожа, жазушы Ғ.Қабышұлы, «Қазақстанның Халық әртісі» атағына музыка, театр және кино өнерінің көрнекті қайраткерлері Б.Әбділманов, М.Өтекешова, А.Жайымов, Т.Жанқұл, Ш.Жанысбекова, Б.Ибраев, К.Қазақбаева, Р.Машиурова лайық деп танылды.

Денсаулық сақтау және ғылым саласының бірқатар өкілі «Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері» және «Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері» құрметті атақтарына ие болды.

«Қазақстан Республикасының гидрогеологиялық карталар атласының» құрастырушылары М.Әбсәметовке, Р.Аязбаевқа, Е.Көлдеевке, Е.Мұртазинге, В.Смолярға, сондай-ақ түсті металлургиядағы экологиялық қауіпсіздік жөніндегі зерттеулердің авторлары Б.Кенжәлиевке, В.Володинге, Е.Оспановқа, С.Требуховқа, А.Шахаловқа Қазақстан Республикасының әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлығы берілді.

Сонымен қатар белгілі археолог З.Самашев, тарихшы М.-А.Сыдыкназаров Қазақстан Республикасының А.Байтұрсынұлы атындағы гуманитарлық ғылымдар саласындағы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды.

Әскери және қызметтік борышын үлгілі атқарғаны, заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, ұлттық қауіпсіздікті нығайту кезінде көрсеткен ерлігі мен жанқиярлығы үшін әскери қызметшілер мен құқық қорғау органдары өкілдерінің бір тобы ІІ дәрежелі «Даңқ» орденімен, І, ІІ, ІІІ дәрежелі «Айбын» орденімен, «Ерлігі үшін» және «Жауынгерлік ерлігі үшін» медальдарымен марапатталды.

Айта кетерлік жайт, Жұмысшы мамандықтары жылына орай Республика күні қарсаңында еңбек әулеттерінің 138 өкілі, өнеркәсіп, көлік, құрылыс, ауыл шаруашылығы және басқа да салалардың 500-ге жуық жұмысшысы мен еңбеккері, шағын және орта бизнестің 200-ге жуық өкілі, 130-дан астам ұстаз бен ғалым, 100-ден аса медицина қызметкері және күнделікті еңбегімен ел дамуына үлес қосып жүрген басқа да азаматтар мемлекеттік наградаларға ие болды.



25 ҚАЗАН 2025 | СЕНБІ

СЕНАТ

СЕНАТТАҒЫ МЕРЕКЕЛІК РӘСІМ



Парламент Сенатында Республика күніне арналған салтанатты жиын өтті. Оған палата депутаттары мен Аппарат қызметкерлері қатысты.

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев биыл Тәуелсіздікке жол ашқан және мемлекеттік құрылымның маңызды қағидаттарын бекіткен тарихи құжат — Егемендік туралы декларацияның қабылданғанына 35 жыл толып отырғанын айтып, Республика күнінің маңызына назар аударды.

«Биыл Егемендік туралы декларацияның қабылданғанына 35 жыл толып отыр. Бұл құжат елі-

технологиялар арқылы азаматтардың әл-ауқатын арттыру, олардың өмір сүру сапасын жақсарту және елдің бәсекеге қабілеттілігін нығайту. Бұл Әділетті Қазақстан құру жолындағы стратегиялық бағдардың логикалық жалғасы екені сөзсіз. Олардың сапалы әрі уақытылы орындалуын заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету жолында Парламент Сенаты белсенді қызметін әрі қарай да жал-



міздің дербес мемлекет ретіндегі саяси және құқықтық негізін бекітті. Қазақстан өзін территориясы бөлінбейтін біртұтас мемлекет ретінде жариялады. Сондықтан Республика күні айрықша тарихи маңызға ие. Ұлттық мерекеміз — егемендігіміздің нышаны және ғасырлармен өлшенетін мемлекеттілігіміздің қайта жандануының жарқын көрінісі. Бүгінде бұл күн жаңа мазмұнмен толығып, ұлттық бірегейлікті нығайта түсетін мерекеге айналды», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар Сенат Төрағасы Мемлекет басшысы Жолдауда белгілеп берген реформаларды сапалы іске асырудың маңызды екенін айтып, палатаның осы бағыттағы жұмыс бағдарына тоқталып өтті.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев биылғы Жолдауында цифрлық күн тәртібін ілгерілетуге және жасанды интеллектіні кеңінен қолдануға баса мән берді. Басты мақсат — жаңа

ғастыра береді», — деп, Мәулен Әшімбаев әріптестерін Республика күнімен құттықтады.

Сондай-ақ Сенат Төрағасы Мемлекет басшысының тапсырмасымен бірқатар сенатор мен Аппарат қызметкерлеріне мемлекеттік наградаларды салтанатты түрде тапсырды. Нақты айтқанда, Мемлекет басшысының Жарлығымен сенаторлар Сүйіндік Алдашев, Жанна Асанова және Алтынбек Нухұлы «Парасат» орденімен марапатталды. Сенат депутаты Нұрлан Бекенов пен Сенат Аппаратының бас консультанты Серік Қаражан — «Құрмет» орденімен, Сенат Аппаратының бөлім басшылары Алмас Данияров пен Елдос Сайлаухан және Сенат Аппаратының сектор менеджерілері Зәуре Уашова мен Раушан Базарова «Ерен еңбегі үшін» медалімен наградталды. Сонымен қатар бірнеше депутатқа халықаралық парламентаралық ұйымдардың марапаттары табыс-

МӘЖІЛІС

МӘЖІЛІСТЕ МАРАПАТТАР ТАБЫСТАЛДЫ




Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов Республика күні қарсаңында салтанатты жиын өткізіп, палата депутаттары мен Аппарат қызметкерлеріне мемлекеттік наградалар тапсырды.

Алқалы жиында Мәжіліс Спикері осыдан 35 жыл бұрын барша қазақстандықтар үшін тағдыршешті мәнге ие — Егемендік туралы декларация қабылданғанын атап өтті. Содан бергі аралықта еліміз ұзақ жолдан өтті, барлық салада зор жетістікке жетіп, халықаралық аренадағы беделді мемлекеттердің біріне айналды.

— Президентіміздің бастамасымен Республика күніне жаңаша леп беріліп, тарихи маңызы айшықтала түсті. Бұл мереке Жаңа Қазақстанның

атап өтті. Көппартиялы Парламенттің рөлі мен беделі күшейіп, сындарлы пікірталас алаңына айналғанын, Мемлекет басшысының саяси бағдарын заңнамалық тұрғыда қолдауға жан-жақты атсалысып жүргенін жеткізді.

Жуырда Президент Жолдауында көтерілген парламенттік реформаға тоқталған Ерлан Қошанов бұл өзгерістердің ел болашағындағы рөлі зор екенін, алдағы тарихи өзгерістерге депутаттық корпус белсене атсалысуы керектігін баса айтты.



басты символына айналды. Бүгінде еліміз өз тарихындағы маңызды кезеңді өткеруде. Біз ауқымды өзгерістердің куәгері болып, оған белсене атсалысып жүрміз. Барлық саяси институт жанарды, қоғам мен мемлекет арасындағы сындарлы диалог нығая түсті. Ашықтық пен сенімге негізделген осы өзгерістердің арқасында оң нәтижелерге қол жеткізіп отырмыз, — деді Ерлан Қошанов.

Спикер ел өміріндегі маңызды мәселелерді шешуде халықтың азаматтық жауапкершілігі мен белсенділігі артқанын, «Күшті Президент — Ықпалды Парламент — Есеп беретін Үкімет» формуласы орныққанын

Сондай-ақ келер жылы ел Парламентіне 30 жыл толатынын, осы тарихи күн мемлекеттік деңгейде атап өтілетінін жеткізді. Мәжіліс Төрағасы айтқандай, бұл — өткенімізді саралап, бүгінгімізді бағамдайтын және болашақ маңызды белестерді айқындайтын кезең.

Мәжіліс Спикері Республика күніне орай Ақордада өткен салтанатты жиында Мемлекет басшысының қолынан «Парасат» орденін алған Мәжілістің Қаржы және бюджет комитетінің төрайымы Татьяна Савельеваны марапатымен құттықтады.

Жиын соңында палата Төрағасы бірқатар депутаттар мен Мәжіліс Аппаратының

қызметкерлерін мемлекеттік наградалармен марапаттады.

Депутаттар Гүлдара Нұрым, Аманжол Әлтай, Мұрат Ергешбаев «Парасат» орденімен марапатталды. Қазыбек Әлішев, Вера Ким, Ерлан Стамбеков, Мәжіліс Аппараты бөлім менеджерісінің орынбасары Марат Әділбай «Құрмет» орденін иеленді. Мәжіліс депутаттары Темір Қырықбаев, Айтуар Қошмамбетов, Наурыз Сайлаубай, Ислам Сүнкар, экс-депутат Ержан Бейсенбаев, Мәжіліс Аппараты бөлім менеджерілерінің орынбасарлары Қарлыға Жұматаева, Жанат Қуанышбаева және Салтанат Станбаева «Ерен еңбегі үшін» медалін иеленді.

Депутаттар Снежанна Имашева мен Ерлан Барлыбаев — ТМД Парламентаралық Ассамблеясының медалімен, Сергей Пономарев — «Древо дружбы» медалімен марапатталды. Мәжіліс депутаттары Еркін Әбіл, Серік Егізбаев, Үнзила Шапак, Мәжіліс Аппараты бөлімінің менеджерісі Батырболат Қабаш ТМД Парламентаралық Ассамблеясының құрмет грамоталарын иеленді. ТМД Парламентаралық Ассамблеясының Құрмет белгісі депутат Аян Зейнуллинге, ҰҚШҰ Парламенттік Ассамблеясының медалі — Мәжіліс Аппараты басшысының орынбасары Болат Калыанбековке, ҰҚШҰ Парламенттік Ассамблеясының құрмет грамотасы — депутат Константин Авершинге және Мәжіліс Аппараты бөлімі менеджерісінің орынбасары Жантас Тасболатовқа табысталды.

Сонымен қатар Мәжіліс Аппаратының 16 қызметкері мен Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының 6 қызметкері Мәжіліс Төрағасының «Алғыс хатына» ие болды.

«АМАНАТ» партиясының Орталық аппаратында Республика күніне арналған салтанатты жиын өтті.

Іс-шараны ашқан Мәжіліс Спикері, «АМАНАТ» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов қатысушыларды алдағы Республика күнімен құттықтады. Ол осыдан 35 жыл бұрын қабылданған Мемлекеттік егемендік туралы декларация жаңа дәуірдің бастауы болғанын атап өтті.

«Отыз бес жыл — аз уақыт болып көрінгенмен, мән-маңызы жағынан ғасырға пара-пар кезең. Ата-бабаларымыздың асыл арманы орындалып, егемен ел атанды. Шекарамыз бекіді. Әлем мойындаған іргелі мемлекетке айналдық. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен халқымыз үшін тарихи мәні зор бұл күн — Ұлттық мереке мәртебесіне ие болды. Бүгінде біз реформалар жолын жалғастыра отырып, ел дамуының жаңа кезеңіне қадам басып, алдымызға тың мақсаттар қойып отырмыз», — деді ол.

Партия Төрағасы қазіргі жасалып жатқан реформалардың, қоғамдағы ауқымды өзгерістердің, экономикадағы жетістіктердің, саяси тұрақтылық жолындағы қадамдардың бәрі Тәуелсіздікті көздің қарашығындай қорғауға және нығайтуға, халықтың әлауқатын арттыруға бағытталғанын мәлімдеді. Еліміздегі барлық оң өзгерістің алғы шебінде белсенді әрі отаншыл азаматтар жүр. Олар — ел аумағында Әділетті Қазақстанды құру ісіне барынша белсенді атсалысып келе жатқан «АМАНАТ» партиясының мүшелері.

Жиын соңында Ерлан Қошанов партияластарға мемлекеттік

ЕҢБЕГІМЕН ЕРЛЕГЕНДЕР ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНДІ



және партиялық наградалар табыстады.

Осылайша, Президент Жарлығына сәйкес, «АМАНАТ» партиясының Хатшысы Ержан Жылқыбаев «Парасат» орденімен марапатталды.

«Құрмет» орденін: «АМАНАТ» партиясы Көксу аудандық филиалының төрағасы Мәлік Бейсенов, «АМАНАТ» партиясы жанындағы Әйелдер қанатының қызметін қамтамасыз ету басқармасының басшысы Сайрангүл Жұмаділова, «АЙҚЫН-ЛИТЕР» ЖШС директоры Талғат Қырықбаев, «АМАНАТ» партиясы Түркістан

облыстық филиалы атқарушы хатшысының орынбасары Полат Тұрсынбаев, «АМАНАТ» партиясының Жоспарлау және талдау департаментінің директоры Юрий Жулин, Мәжілістегі «АМАНАТ» партиясы фракциясы аппаратының бас консультанты Арбол Арғынов, «АМАНАТ» партиясы Астана қалалық филиалы атқарушы хатшысының орынбасары Мәрия Өтебаева, Қазақстан спортшылар одағы Ақмола облыстық филиалының директоры Нұрлан Сейдалиев иеленді.

«Ерен еңбегі үшін» медалімен: Алматы облысындағы шаруа қо-

жалығының басшысы Амангелді Сембаев, Б.Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1 өндірістік-техникалық басқармасының басшысы Серік Серьянов, «АМАНАТ» партиясы Қарағанды облыстық филиалы атқарушы хатшысының орынбасары Гүлсім Қожахметова, Сайрам көмекші мектеп-интернат-колледжінің директоры Жадыра Таңатарова, «Қостанай таңы» газетінің директоры — бас редакторы Кенжеш Аманова, «АМАНАТ» партиясы Шымкент қалалық филиалы атқарушы хатшысының орынбасары Ербол Байқонысов, Павлодар облыстық

қарттар және мүгедектер үйінің директоры Марина Стрелковская, «АМАНАТ» партиясының Республикалық қоғамдық қабылдау бөлмесінің сарапшысы Айман Қарбаева, «АМАНАТ» партиясы Абай облыстық филиалының партиялық бақылау инспекторы Майра Мұрсахан, «АМАНАТ» партиясы Ұйымдастыру және аумақтық жұмыс департаментінің инспекторы Қайрат Қасымов, «АМАНАТ» партиясы Партиялық бақылау департаментінің инспекторы Ержан Жұмағұлов, «АМАНАТ» партиясы Қоғамдық саясат институты мониторинг бөлімінің басшысы Нұрболат Тілеулин, «АМАНАТ» партиясы Саяси жұмыс департаментінің бас консультанты Елшат Айдынулы марапатталды.

«Шапағат» медалі «Жастар Рухы» жастар қанаты Ұйымдастыру-аумақтық жұмысы басқармасының басшысы Інжу Қарашбаеваға табысталды.

«Белсенді қызметі үшін» партиялық наградамен: Мәжіліс депутаттары, «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшелері Мархабат Жайымбетов, Наталья Дементьева, Ерлан Әбдиев, Жаркынбек Амантайұлы, Еңбекті қорғау жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу институты бас директорының орынбасары Салтанат Тұрсынбекова, «Электр энергетикасын дамыту және энергия үнемдеу институты» АҚ басқарма төрағасы Елдос Абақанов, тележүргізуші Санди Сұлтан, «АМАНАТ» партиясы Республикалық қоғамдық қабылдау бөлмесінің меңгерушісі Әлия Садырбаева, «АМАНАТ» партиясы Аудит басқармасының басшысы Данияр Үсіпбеков, «Жастар Рухы» жастар қанатының төрағасы Акерке Искандерова, «NS Радиосы — Ұлттық Желі» телерадиокомпаниясының бас директоры Ербол Бегімбетов марапатталды.

ОН МЫҢ ТУ — ОН МЫҢ ЖҮРЕК

Республика күні қарсаңында еліміздің түкпір-түкпірінде 10 000-нан астам мемлекеттік Ту желбіреді. «АМАНАТ» партиясының «Менің Елім — Менің Туым» акциясы Отанға деген сүйіспеншілік пен ел бірлігінің жалпыұлттық нышанына айналды. Мәселен, елордада «АМАНАТ» партиясының орталық аппараты ғимаратына көлемі 24x12 метр болатын мемлекеттік Ту ілінді.

Төртінші жыл қатарынан ұйымдастырылып келе жатқан бастамаға «Жастар Рухы» жастар қанатының белсенділері, еріктілер мен қарапайым азаматтар қатысуда. Биыл акцияға екі мыңнан астам жас қосылып, мереке қарсаңында ел бойынша он мыңға жуық Туды қалалар мен ауылдарда, мектептерде, аулаларда және өндіріс орындарында ілу жоспарланып отыр. Үйдін, көліктің немесе дүкеннің алдында желбіреген Ту — елге деген мақтаныштың және болашаққа деген сенімнің белгісі.

Мерекеге орай Астана қаласында еліміздегі ғимаратқа ілінген ең үлкен мемлекеттік Ту «АМАНАТ» партиясының Орталық аппаратында желбіреді. Партия өкілдерінің айтуынша, көк байрақ адамдардың бойында ең ізгі сезімдерді — елге деген мақтаныш пен патриоттық рухты оятуда. Дәл осы Ту түрлі мәдени іс-шараларда,

спорттық жарыстарда және Димаш Құдайбергеннің Дүниежүзілік Көшпенділер ойындары аясындағы концерт кезінде желбіреген. Сондай-ақ 2022 жылғы қыркүйекте Қазақстан мен Беларусь құрамалары арасындағы футбол ойынында «Жастар Рухы» жастар қанаты осы Тумен ерекше патриоттық көрініс ұйымдастырған.

Биыл Қазақстанның Мемлекеттік егемендігі туралы декларация қабылданғанына 35 жыл толады. Осы орайда аталған акцияның мәні айрықша. Бұл құжат — тәуелсіздігіміздің негізін қалаған, демократия, билікті бөлу, теңдік пен еркіндік қағидаттарын айқындаған алғашқы тарихи акт. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, Республика күні халқымызды мызғымас құндылықтар төңірегіне тоғыстырып, жалпыұлттық бірегейлігімізді нығайта түсуге ықпал етеді.

Өздеріңізге белгілі, Президент бастамасымен Республика күніне ұлттық мереке мәртебесі қайта берілген болатын.

«Жастар Рухы» жастар қанатының төрағасы Акерке Искандерованың айтуынша, аталған акция жастар қауымы үшін аса маңызды.

«Бүгін желбіреген әрбір Ту — саналы таңдауымыздың белгісі. Біз, тәуелсіз Қазақстанда өсіп-өнген жас ұрпақ, ел ертеңіне деген жауапкершілікті сезінеміз. Патриотизм — біз үшін қастерлі ұғым. Ол ең алдымен туған жерге, елге адал қызмет етуден басталады. Бұл акция бізді ортақ мақсат — Әділетті Қазақстанды құру жолында біріктіреді», — деді ол.

Әр өңірде өтіп жатқан бұл акция халық арасында бірлік пен патриоттықтың мерекесіне айналды. Адамдар суретке түсіп, әлеуметтік желілерде бөлісіп, елге деген сүйіспеншілігін көрсетіп отыр. Кәсіпкерлер де шет қалмай, Туды дүкендеріне, мейрамханаларына, цехтар мен шаруа қожалықтарына ілуде. Бүгінде мемлекеттік Ту — ел алдындағы жауапкершілік пен ынтымақтың символына айналды.



Шымкент қаласындағы акцияға М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті мен Жол-көлік колледжінің студенттері қосылды. Олар оқу орындарының ғимараттарына мемлекеттік Туларды іліп, Мұхтар Әуезов ескерткіші маңында көк Туды желбіретті. Елордада «Жастар Рухы» жастар қанатының белсенділері Республика даңғылы бойындағы және «Мәңгілік ел» салтанат қақпасы маңындағы тұрғын үйлерге екі жүзге жуық мемлекеттік Ту ілді. Ал Атырау жастары «Менің Елім —

Менің Туым» акциясын облыс орталығындағы басты көшелердің біріндегі жаяу жүргіншілер көпірінде өткізді. Сонымен қатар Қостанайда Allur автозауытындағы тоғыз қабатты жатақхананың қасбетіне Ту ілінді.

Акцияға кез келген азамат қатыса алады. Ол үшін мемлекеттік Ту фондында түскен өзінің немесе отбасының суретін әлеуметтік желілерге #republicday, #менінтуым, #меніңелімменінтуым хэштегтерімен жариялау жеткілікті.

Елнар ЕЛТАЙ

25 ҚАЗАН 2025 | СЕНБІ



Ұласбек СӘДІБЕКОВ,
Мәжіліс депутаты, «АМАНАТ» партиясы
фракциясының мүшесі:

НЕГІЗГІ МАҚСАТ – ҚАРЖЫНЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН САҚТАУ

Еліміздің алдағы үш жылдық дамуы үшін қабылданған жаңа республикалық бюджет бұрынғыдан мүлде өзгеше қағидатқа негізделіп отыр. Ұлттық қорға тәуелділіктен арылып, өз кірісін еселеген мемлекет алғаш рет мақсатты трансфертсіз бюджет жобасын ұсынды. Көздегені – қаржыны көбейтіп жұмсау емес, тиімді пайдалану мен экономикалық тұрақтылықты сақтау. Бұл ел экономикасының ішкі әлеуеті артып келе жатқанын білдіреді. Десе де, бюджет құрылымында әлеуметтік бағыттар әлі де басым: қаржының негізгі бөлігі азаматтардың өмір сапасын жақсартуға жұмсалады. Сонымен қатар квазимемлекеттік секторды қайта құрылымдау мен шығынның тиімділігін арттыру күн тәртібінде тұр. Үкімет те, Мәжіліс те енді әр теңгенің қайда және не үшін жұмсалғанына есеп беруді басты талапқа айналдырмақ. Жаңа бюджеттің экономикалық тәртіпке көшу жолындағы нақты қадамдары жайлы Мәжіліс депутаты, «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшесі Ұласбек Сәдібеков айтып берді.

– Мәжілісте биылғы республикалық бюджет жобасы жаңа ережелерге сай әзірленгені айтылды. Бұл жобаның басты айырмашылығы неде?

– Иә, дұрыс айтасыз. 2026–2028 жылдарға арналған республикалық бюджет жобасы – жаңа Бюджет ережесі бойынша жасалған алғашқы құжат. Бұл дегеніміз – бұрынғыдай «неғұрлым көп жұмсақ, соғұрлым жақсы» деген ұстанымнан бас тарттық. Енді негізгі мақсат – қаржының тұрақтылығын сақтау. Яғни, мемлекеттің шығысы экономиканың өсу қарқынынан және инфляциядан асып кетпеуге тиіс. Бұл – қатаң әрі жауапты тәсіл. Өйткені бюджеттің теңгерімді болуы елдің экономикалық қауіпсіздігімен тікелей байланысты. Біз бұған дейін көбіне тапшылықты Ұлттық қордың есебінен жаптық, яғни қордан мақсатты трансферттер алатынбыз. Ал биылғы ерекшелік – бюджет жобасында мұндай трансферт мүлде қарастырылмаған. Бұл – үлкен жетістік.

Мұндай нәтижеге салық және бюджет жүйесіндегі реформалар арқасында жеттік. Қарапайым тілмен айтсақ, елдің өз кірісі өсті, соның арқасында қосымша қарыз алмай-ақ әлеуметтік төлемдер мен резервтерді қалыптастыру мүмкіндігі туды. Бюджеттің шамамен 80 пайызы әлеуметтік сала мен жалпы мемлекеттік шығындарға кетеді. Бірақ біз үшін маңыздысы – шығынның әр теңгесі елдің дамуына үлес қосуы. Сол себепті қазір бюджет тек сандар жиынтығы емес, нақты нәтиже беретін құралға айналуы керек деп отырмыз.

– Бюджетке сай қай салалар басымдықта, қаржы қандай бағыттарға бөлінеді?

– Бюджет құрылымына қарасақ, негізгі бағыттар бұрынғыдай әлеуметтік сала, білім беру, денсаулық сақтау және мемлекеттік міндеттемелерді орындау болып қала береді. Яғни, қаражат ең алдымен адамдардың өмір сапасын жақсартуға жұмсалады.

Мысалы, 2026 жылға арналған республикалық бюджеттің жалпы

көлемі 27,7 млрд теңге шамасында. Оның 38 пайызы әлеуметтік салаға, ал 42 пайызы мемлекеттік басқаруға тиесілі. Бұл көрсеткіш әлеуметтік саланың үлкен үлес алатынын көрсетеді. Бірақ сонымен бірге мемлекеттік аппараттың да шығындары көп екенін мойындауымыз керек. Биыл даму жобаларына қаржы бөлу азайды. Неге десеңіз, Үкімет жаңа жобаларды бастамай, бұрын басталғандарын аяқтауға басымдық берді. Бұл да дұрыс шешім, өйткені аяқталмаған нысандар көп, ал жаңа бастамалар қосымша шығынды талап етеді.

Тағы бір айта кетер жайт – стратегиялық және жалпыұлттық жобаларды анықтау әлі де жалғасып жатыр. Бұл жобаларға республикалық та, жергілікті бюджеттерден де нақты қаражат бөлінбеген. Себебі әр өңірдің басымдығын нақтылау қажет. Ал кейін сол жобалар бекітілген соң, қаржы қайта қаралып, бөлінеді. Қысқаша айтқанда, алдағы үш жылда мемлекет «алдымен сапа, содан кейін сан» қағидатына көшеміз деп отыр. Яғни, бәрін салу емес, ең қажет нысандарды салып, олардың тиімділігін бағалау – басты назарда.

– Сіз айтып отырған бюджет тиімділігі – көптің көкейіндегі мәселе. Шынында, бюджет қаржысы қаншалық тиімді жұмсалып жатыр?

– Өте орынды сұрақ. Өкінішке қарай, тиімділік мәселесі – қазіргі ең әлсіз тұсымыз. Биыл бюджетпен бірге ұсынылған қосымша құжаттар мен даму жоспарларының сапасы көңіл көншітпеді. Көп жағдайда мақсаттар мен нақты шығындар арасында байланыс жоқ, нәтижені өлшейтін көрсеткіштер де анық емес. Былайша айтқанда, кейде министрліктер қағаз жүзінде бәрін «жоспарлап» қояды, бірақ оның нақты әсері қандай болады – соны бағалай алмаймыз. Мәселен, бір бағдарламаға миллиардтар бөлінеді, ал кейін ол қоғамға қандай пайда әкелді деген сұраққа нақты жауап жоқ.

Парламентке алғаш рет ұсынылған мемлекеттік активтер мен квазимемлекеттік секторды басқару жөніндегі Ұлттық есеп осының дәлелі. Онда активтерді пайдалану тиімсіз, артық міндеттемелер көп, ал мемлекет қатысқан компаниялардың табыстылығы төмен деп жазылған. Мемлекеттік компаниялардан түсетін дивиденд те екі есе азайды. Бұл – бюджеттің кіріс әлеуетін төмендетіп отыр. Сондық-

тердің бір бөлігі шығыстарды нақтылауға, ал екінші бөлігі инфрақұрылымдық және әлеуметтік жобаларға қосымша қаржы бөлуге бағытталды. Мысалы, өңірлердің дамуына қолдау көрсету үшін Үкімет резервінен 30 млрд теңге бөлу ұсынылды. Бұл қаражат жылу және электр энергетикасын, газ және су жүйелерін, сондай-ақ жағалауды нығайту жұмыстарына жұмсалады.

Парламентке алғаш рет ұсынылған мемлекеттік активтер мен квазимемлекеттік секторды басқару жөніндегі Ұлттық есеп осының дәлелі. Онда активтерді пайдалану тиімсіз, артық міндеттемелер көп, ал мемлекет қатысқан компаниялардың табыстылығы төмен деп жазылған.

тан қазір квазимемлекеттік сектор саясатын түбегейлі қайта қарау мәселесі күн тәртібінде тұр.

Меніңше, бұл жерде басты мәселе – бақылау мен жауапкершіліктің жеткіліксіздігі. Біз енді әр теңгенің қайда кеткенін ғана емес, оның не үшін кеткенін де сұрайтын кезеңге келдік. Бұл мәдениет қалыптасса, бюджет тиімділігі де артады.

– Мәжілісте бюджет жобасын талқылау кезінде көптеген түзетулер енгізілді дедіңіздер. Сол өзгерістердің негізгі бағыттарына тоқталсаңыз...

– Иә, бұл жолы жұмыс тобы өте ауқымды жұмыс атқарды. Барлығы 12 отырыс өтіп, 27 бюджеттік бағдарлама әкімшісінің есебі тыңдалды. Нәтижесінде, депутаттар жалпы сомасы 2 триллион теңгеден асатын 130-дан астам түзету енгізді. Бұл түзету-

талықтан ғана емес, жергілікті деңгейден де ойластырылған жүйеге айналып келеді.

– Жалпы, осы бюджет мемлекеттің дамуына, халықтың әлауатының артуына қаншалықты әсер етеді деп ойлайсыз?

– Ең алдымен айтарым – бұл бюджет Президент белгілеген стратегиялық мақсаттарға сай дайындалды. Ондағы басты ұстаным – әлеуметтік бағытты сақтау және тұрақты даму. Бюджет теңгерімді, яғни кіріс пен шығыс шамалас. Бұл – экономикалық тұрақтылықтың белгісі. Бірақ сонымен бірге біз даму қарқынын тежеуге де болмайтынын түсінеміз. Сондықтан әлеуметтік саланы қолдау мен экономиканы әртараптандыру қатар жүреді. Халық үшін ең үлкен пайдасы – әлеуметтік міндеттемелердің толық орындалуы. Зейнетақы, жәрдемақы, ең төменгі жалақы – бәрі де қайта қаралып, кезең-кезеңмен өсіріледі. Мысалы, биыл Мәжіліс Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің ұсынысымен ең төмен жалақыны 85 мыңнан 110 мың теңгеге дейін арттыруды қарастырды. Сондай-ақ өңірлердің инфрақұрылымын дамытуға қосымша қаржы бөлініп отыр. Бұл – ел ішінде жаңа жұмыс орындарының ашылуы, инженерлік жүйелердің жақсаруы деген сөз.

Тағы бір маңызды бағыт – аграрлық секторды қолдау. Ауыл шаруашылығы техникалық жаңғыртудан өтеді, бұл еңбек өнімділігін арттырады, азық-түлік қауіпсіздігін нығайтады. Қысқаша түйіндесек, жаңа бюджет – тек сандар жиынтығы емес, елдің келесі үш жылдағы даму картасы. Оның басты артықшылығы – Ұлттық қорға арқа сүйемей, өз кірісімізді еселеу арқылы тұрақты дамуға қадам ба-суында.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Кәмила ЕРКІН

Eurasian Resources Group (ERG) Primetals Technologies Austria GmbH (Австрия) және Midrex Technologies Inc. (АҚШ) компанияларының консорциумымен стратегиялық келісімшарт жасасты. Келісім аясында Рудныйда ыстық брикеттелген темір өндіретін зауыт салу жобасы, оған егжей-тегжейлі инжиниринг пен негізгі технологиялық жабдықтарды жеткізу көзделіп отыр.



РУДНЫЙДА БОЛАШАҚТЫҢ ЗАУЫТЫ САЛЫНАДЫ

Болашақта ЫБТ өндіретін зауыт Орта Азиядағы жаңа буынды «жасыл» ірі металлургиялық нысандарының біріне айналмақ. Мұнда металдығы — 93%, құрамындағы темір үлесі 90%-дан жоғары өнім алу көздеген. Нәтижесінде, Қазақстан жаһандық болат құю нарығына шығып, бәсекеге қабілетті өнімнің жаңа түрін ұсына алады.

Жобаны Midrex процесі бойынша темірді тікелей қалпына келтірудің озық технологияларына сүйене отырып іске асыру жоспарланған. Бұрын бар дәстүрлі домна өндірісінен гөрі бұл экологиялық тұрғыдан анағұрлым ұтымды. Кокстың орнына мұнда табиғи газ пайдаланылады. Зауыт «ССКӨБ» АҚ өндірген тотыққан теміркені шекемтастарын өндеп, болашақ болат құю цехына ыстық брикеттелген өнім бере алады.

— Мемлекет басшысы Жолдауда терең өңделген, отандық және халықаралық нарықтарда бәсекеге қабілетті өнім өндірісі басым бағыт екенін атап көрсетті. Бүгін осы консорциуммен жасалған келісімшарт — Қазақстандағы металлургия саласын дамыту мен ондағы ERG-дің көшбасшылығын нығайта түсетін стратегиялық кадам. Біз экспортқа жана мүмкіндіктер ашатын, жана жұмыс орындарын құрып, кәсіби білікті адам капиталына сеп болар жоғары технологиялық

өндіріс құрып жатырмыз, — деп айтып берді ERG Директорлары кеңесінің төрағасы, Бас атқарушы директоры Шухрат Ибрагимов.

ЫБТ өндіру зауыты жобасын Топтың еншілес кәсіпорны — QAZIRON ERG ЖШС іске асырады. Зауыттың өндірістік қуаты — жылына 2 млн тонна. Жобаға құйылатын жалпы инвестиция көлемі — 655 млрд теңге. Өндірісті 2029 жылы іске қосу жоспарланып отыр. 1 мыңнан астам жұмыс орны құрылады.

— Бұл — Қазақстанның металлургия саласындағы жаңа дәуірдің бастауы болатын ауқымды жоба. Ол ERG-дің әлемдік нарықтағы позицияларын нығайтуға септеседі. Осындай маңызды кадамға атсалысу — бізге үлкен мәртебе. MIDREX Flex шешімдері — кеннен темір өндірудің ең экологиялық таза технологиясы. Дәстүрлі әдіспен салыстырар болсақ, ол көміртегі ізін 50% төмендетуге мүмкіндік береді, — деді Primetals Technologies компаниясының вице-президенті әрі жаһандық Upstream құрылымының жетекшісі Андреас Фибек.

Қостанай аграрлы және индустриялы аймақ саналатын белгілі. Енді жана заманауи зауыт салын-

өндірістік қуаты инвесторлар тарапынан бағамдалды.

— Біз осындай стратегиялық маңызды жобаға Midrex серіктес ретінде тандалғанын мактан тұтамыз. Бұл саладағы тәжірибеміз толысқан, тұтынушыларымыз ұсынатын шешімдерімізге сенім артқанын айғақтайды, — деді MIDREX президенті әрі бас директоры К.Вуди.

ғалы тұр. Аймақтың экономикалық қуаттылығы, жобаның экономикалық қуаты жайында Қостанай облысының әкімі Құмар Ақсақалов мәлімдеді.

— Жолдауда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев нақты міндеттер — жана буынның өнеркәсібін дамытуды, экологиялық таза технологияларды енгізіп, сапалы жана жұмыс орындарын ашуды мықтап тапсырды. Рудный қаласында ыстық брикеттелген темір өндіретін зауыт жобасы — осы тапсырмаларды іске асырудың жарқын мысалы. Заманауи өндіріс ошағы облыс экономикасын нығайтып, жана жұмыс орындарын ашып, аймақта жана индустриалды экожүйе қалыптастыруға тұғыр болады, — дейді өңір басшысы.

Келіссөз барысында халықаралық келісімнің стратегиялық мән-маңызы сөз болып,



MIDREX — ыстық брикеттелген темір өндірісі саласындағы әлемдік көшбасшы. Жаһандық нарықтың 90% қамдап отыр. MIDREX өз тұтынушылары мен болат құю секторына орнықты болашақты қамтамасыз ету қамында ілгерілеп келеді.

Midrex Technologies Inc. — тікелей қалпына келтіру әдісімен темір өндіру технологияларындағы әлемдік көшбасшы (жаһандық нарықтағы үлесі — 57%). Компания 50 жылда әлемнің 21 елінде 100-ден астам қондырғы орнатқан.

Primetals Technologies Austria GmbH — кара және түсті металлургия саласына қажетті жабдық өндіретін халықаралық компания. Металлургиялық зауыттарға қажетті шешімдер мен инжиниринг саласындағы көшбасшы.

Қол қойылған келісімшарт — жобаны іске асырудың келесі кезеңі. Бұған дейін консорциум базалық инжинирингті әзірлеген болатын.

Жалпы нарыққа шолу ретінде қарастырар болсақ, ЫБТ өндірісі жобалары бүгінде жіті назардағы стратегиялық қызығушылық тудырып отыр. Өйткені, нарықтағы жетекші компания-

лар экологиялық таза болат өндірісінің инновациялы технологияларын енгізудің алғы шебінде болуға талпынады. Әрі декарбонизация бағытындағы жұмысты барынша жүйелі қолға алуға қамданып жатыр. Консенсус-болжамдар алдағы онжылдықтарда ЫБТ жыл сайынғы жиынтық өсім қарқынын (CAGR) 5–8% деңгейінде сақтайды деген болжам бар.

Сонымен қатар ыстық брикеттелген темір өндірісі жобасына стратегиялық қызығушылық жоғары. Консенсус-болжамдар алдағы онжылдықтарда ЫБТ жыл сайынғы жиынтық өсім қарқынын (CAGR) 5–8% деңгейінде сақтайды деген де пайымдар бар. Жалпы бұл көрсеткіштердің бәрі ел экономикасының дамуына зор септігін тигізеді.

Аустрияның белді кәсіпкерлері металлургия саласындағы игі жетістіктерімен бөлісіп, жана технологияларды қосып, темір өнеркәсіп дамытуды мықтап қолға алған Еуропадағы экономикалық қуатты елдер санатына кіреді. Аталған келісім екі ел үшін де тиімділік береді. Бұл жайында Аустрияның Қазақстандағы елшісі Андреа Бахер ой-пікір білдірді.

— Біз керемет сәттің куәсі болдық. Дәлірек айтқанда, аустриялық

компания Америка Құрама Штаттарынан келген әріптестермен бірге Қазақстанда үлкен жоба жүзеге асырады. Қазір дүниежүзінде ERG компаниясының экономикалық даму тенденциясы өте қарқынды. Көптеген елде жұмыс істеп, кәсіп өркендетіп, құлашын кенге жайды. Тараптар бірлесіп атқаратын ауқымды жоба болашақта көптеген жұмыс орындарының ашылып, экономикалық табыс әкелетініне сенім мол. Соның арқасында Қазақстан мен Аустрияның экономикалық әріптестік арақатынасы нығая түседі, — деп түйді елші.

Аталған келісім өз кезегінде темір өндірісіне бағытталған. Сонымен қатар облыста басқаны айтпағанда тау-кен өндірісі жолға қойылған. Әсіресе, Рудныйдан өндірілетін темір кені елдің қазынасына әжептәуір салым салып отыр. Демек, өңірде ашылғалы тұрған жана зауыт көптеген жұмыс орындарының ашылып, елдің өркендеуіне серпін берері анық. Осындай ілкімді істердің бастамасында тұрған әрі индустриялық өнеркәсіп әлемінде өз орнымен ерекшеленетін бірегей компания ол — ERG.

О.МҰРАТБЕКҰЛЫ



25 ҚАЗАН 2025 | СЕНБІ

Тарих – ұлттың түп тамыры мен шынайы болмысын айқындайтын айна іспеттес. Ал сол айнаға кім қалай қарайды, осыған байланысты халықтың өзін тану деңгейі өлшенеді. Кейінгі жылдары тарихты түгендеу, тұлғаларды дәріптеу үдерісі қарқын алды. Біз Республика күні қарсаңында белгілі тарихшы Хангелді Махмұтұлымен сұбелі сұхбат құрған едік. Әңгіме барысында ол тарих пен таным, мемлекеттілік пен мемлекетшілдік ұғымдарының аражігін таразылап, ұлттық сана, тарихи әділдік туралы пікірін бөлісті. Сондай-ақ тарихшы мемлекеттіліктің іргесін бекіткен 35 жылдағы жетістіктер мен кемшіліктерге де баға берді.

— Қазақстан егемендік туралы декларациясын жариялағанына 35 жыл толды. Осы уақыт ішінде неге қол жеткіздік? Қазақстанның жаңа тарихи кезеңін қалыптастыра алдық па?

— Әрине, қалыптастырдық. Ең бастысы, біз дербес, азат ел ретінде әлемдік саясат сахнасында танылды. Енді бізді ешкім де отар ел деп атай алмайды. Иә, экономикада әлсіз тұстар бар, ғылым мен техникада шешімін күткен түйткілдер де аз емес. Бірақ соған қарамастан біз тұтастай алғанда өзінің саясаты айқын, заңы жүйеленген, өз жолын тапқан мемлекетпіз. Бұл — даусыз шындық. Мұнымен ешкім таласа алмайды. Әрі-беріден кейін халықаралық деңгейдегі бастамаларға үн қосып, жаһандық процестерге қатыса алатын биікте жүрміз. Әлемдік саясатқа үлкенді-кішілі ықпал ететін факторға да иеміз. Осы тұрғыдан келгенде, дербестігімізге күмән жоқ. Егемендік орнықты, ол өмір сүріп қана қоймай, жұмыс істеп тұр.

— Мемлекеттілік пен мемлекетшілдік деген ұғым бар. Сіз бұл ұғымдарды қалай түсіндірер едіңіз?

— «Мемлекеттілік» ұғымы «мемлекетшілдіктен» әлдеқайда кең ауқымды түсінік. Мемлекетшілдік — көбіне субъективті сипатқа ие, яғни жекелеген адамға немесе белгілі бір субъектіге қатысты айтылады. Ал «мемлекеттілік» ұғымы, яғни мемлекеттік мүддесі мен құндылықтары, ұстанымдары бар деген мағынада қолданылады. Мәселен, біз бір адамды «мемлекетшіл азамат» деп атай алуымыз мүмкін. Бұл оның ел мүддесіне адалдығын, мемлекет ісіне жауапкершілікпен қарайтынын білдіреді. Бірақ «мемлекеттік адам» деп айта алмаймыз ғой, өйткені ол қызметіңіз бен мәртебеніңізге, атақ-дәрежеңізге байланысты қолданылады. Мемлекеттілік — өресі биік, мағынасы терең сөз. Ол тұтас мемлекеттің мүддесін, құндылықтарын, саяси ұстанымдарын қамтиды. Бұл — елдің рухани

әрі құқықтық іргетасын айқындайтын биік түсінік.

— «Мемлекеттілігі жоқ халық — жетім», — деген сөз бар. Мемлекеттіліктің іргетасын нығайтуда қандай жетістіктер болды?

— Мұндай пікір ХХ ғасырдың басындағы ұлт көсемі Әлихан Бөкейханнан шыққан. Әлекең бұл ұғымға терең мән жүктеген. Яғни, мемлекеттілігі жоқ халық — қорғаны жоқ, тағдыры ауыр, сөзі бірде естілсе, бірде естілмейтін, отарлық езгідегі халық. Жетім халық — отар халық. Ал енді мемлекеті бар халық дегеніміз — ол бәсекеге қабілетті ел деген сөз. Тек осындай ұлт қана өз мемлекетін құрып, оны сақтап, дамытуға қауқарлы. Біз де бұл жолдан өттік. Кеңес Одағының құрамында болған уақытта қазақ мемлекеті болды, бірақ біз сол мемлекеттің толық иесі емес едік. Сол кезеңде билеуші ел Қазақстанда түрлі тәжірибе жүргізе берді: атом қаруын сынады, тың игерді. Тіпті 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасында ұлттық талап қойған жастарды «ұлтшыл», «нашақор», «маскүнем» деп айыптамаған сөзі жоқ. Қазір біз осының бәрін саралап, мемлекеттілік пен мемлекетшілдіктің мәнін тереңірек ұғына бастадық. Егемен еліміздің бүгінде өз Конституциясы, шек-



Хангелді ӘБЖАНОВ,
тарих ғылымдарының докторы, профессор:

ТАРИХТЫ БҰРЫН БӘСЕКЕГЕ

арасы, ұлттық валютасы, жаңа астанасы бар. Мұның бәрі мемлекеттілігіміздің орныққанын, толық болмаса да, негізгі қасиеттері сыртқа шыққанын көрсетіп тұр.

Бірақ мемлекет бір сәтте пайда бола қалады. 1991 жылғы 16 желтоқсанда біз тәуелсіз ел ретінде жарияланғанымызбен, ол кезде теңгеміз де, әскеріміз де, Конституциямыз да болмаған. Демек, біз мемлекет болғанымызбен, әлі мемлекеттілік деген дәрежеге жеткен жоқ едік. Содан бері өткен отыз бес жыл ішінде

біз сол сатыға көтерілдік. Дегенмен толық қалыптасты деп айта алмаймын. Экономикамыз әлі де әлсіз, ғылым мен өндірісте әлем мойындайтындай биіктерге көтеріле қойған жоқпыз. Егер бейбіт өмір мен тұрақтылық сақталып, табиғи катаклизмдер болмаса, біз осы мемлекеттілікті нығайта береміз. Қазір Қазақстанға көптеген өнім сырттан тасымалданады. Егер біз экономикадағы осындай әлсіз тұсымыздан құтылсақ, инженерлер мен ғалымдарымыз жаһан жұртшылығы мойындайтындай нәтиже берсе, сол — мемлекеттілігіміздің өсіп-өнгені болмақ.

— «Тарихты жеңімпаздар жазады» дейтін тәмсілді алға тартатындар да кездеседі. Ұлт тарихына мұндай призмамен қарауға бола ма? Жаһандағы барлық халық жеңімпаз емес қой...

— Тарихты жеңімпаздардан бұрын бәсекеге қабілеттілер жазады. Бәсекеге қабілетті халық аз болса да, көп болса да, өзге жұртқа өзін мойындатады. Мысалы, бес-ақ миллион халқы бар Финляндияны алайық. Бұл ел әлемдік аренада өз орнын айқындап, экономикада да, мәдениетте де, спортта да сөзін өткізе алатын деңгейге жетті. Демек, халықтың саны емес, оның қабілеті мен бәсекеге бейімділігі маңызды. Сол себепті тарихты жеңімпаздар жазады дегеннен гөрі, тарихты бәсекеге қабілет-

тілер жазады дегеніміз жөн болар. Бәсекеге қабілеті жетпеген халықтың көргені — ылғи жеңіліс, шегініс, бармақ шайнау. Ал қабілетті ұлт қана өзін еркін мемлекет ретінде танытып, тарих сахнасында өз орнын белгілей алады.

Біздің халқымыз да осындай мысал болды. Үш ғасырға жуық отарлық езгіде болсақ та, сол кезеңнің өзінде Алаш зиялылары бүгінге дейін маңызын жоймаған идеяларды дүниеге әкелді. Мысалы, 1917 жылы қабылданған «Алаш» бағдарламасы — өзінің мазмұны мен сапасы жағынан АҚШ-тың тәуелсіздік декларациясымен үндес құжат. Америка 1776 жылы Англиядан тәуелсіздігін жариялады. Алғашында АҚШ он үш штаттан құрылған ел еді. Оның дәлел-дәйегі ретінде сол жылы АҚШ тәуелсіздік декларациясы деген құжат қабылдады. Қазір АҚШ-та елуге жуық штат бар. Ал қазақ зиялылары үш ғасырға жуық уақыт өткен соң, отарлық жағдайда отырып-ақ дәл сондай мемлекет құрудың қағидаларын ұсынды. Осы құжат пен АҚШ тәуелсіздік декларациясын салыстырсақ, екеуінің арасында ортақ ойлар, пайым-тұжырымдар өте көп. Америкалықтар ағылшындарға отар болған кезін сынайды, ал біздің азаматтар отар бола тұра, отарлық кезеңін сынамайды. Керісінше, негізгі кемшілік-



теріміз бен келешекте қандай қадам жасау қажетін, елге қандай билік пен заң керек екенін айтады. «Алаш» бағдарламасында заң үстемдігі, парламенттік-президенттік басқару жүйесі, азаматтық еркіндік туралы нақты тұжырымдар бар. Бұл — қазақ қоғамының сол кезеңде де бәсекеге қабілетті, замана ағымына сай ойлай алғанын дәлелдейді. Өкінішке қарай, отарлық жүйенің ызғары ұзаққа созылды. Біз ХХ ғасырдың соңына дейін отар ел болып, отарлаушының ең бір қатыгезінің қол астында болдық. Бірақ сол ұзақ жолда халқымыз «мың өліп, мың тіріліп» аман қалды. Бұл — ұлт ретінде төзімділігіміздің, рухани беріктігіміздің, бәсекеге төтеп беретін қабілетіміздің айғағы.

— Ал қазір өзімізді шын мәнінде бәсекеге қабілетті мемлекет ретінде дәлелдей алдық па?

— Бұл — өте күрделі құбылыс... Бәсекелік қабілет бір ғана көрсеткішпен өлшенбейді. Оның сан қырлы өлшемі бар. Мәселен, ғылым мен техникада біз әлі де әлсізбіз, әлемдік көшке ілесе алмай отырмыз. Бірақ



лық әлеуетіміздің іргесін қалап жатыр. Қазір той-жиындардың бірде-бірі Шәмшінің әндерінсіз өтпейді. Тіпті оның әні жылдар өте келе мемлекеттік нұранымызға айналды. Тарихта халқы-

тұлғаларды асыра ұлықтап, қолдан «батыр жасап», сол шекарадан асып кеткен жоқпыз ба?

— Енді бұл адамға тән әлсіздік қой. Кім өзінің бабасы, алдыңғы ұрпағы ірі болғанын қаламайды?!

данып сипаттау керек. Танымның ең жоғары сатысы — ғылым. Әйтпесе, ғылым мұндай болмаса, жұрттың бәрі ғалым болушы еді. Ғылымға үлкен даярлық пен теориялық, методологиялық ұста-

ласында озық болмағанымен, табиғатпен үйлесімді өмір сүру, еңбек өнімділігін арттыруда ерекше мәдениет қалыптастырды. Қазақтың дәстүрлі шаруашылығында бүгінде «қалдықсыз технология» деп аталатын ұғым баяғыдан бар. Малды сойғанда қазақ оның қара тұяғынан бастап қара мүйізіне дейін түгел кәдеге жаратқан. Тіпті ішкі қалдығын да ем-домға пайдаланған. Бұл — табиғатпен үндестіктің көрінісі. Біз осындай ғылыми айғақтар арқылы өз тарихымызды, өркениетімізді таныта аламыз. Дәлелмен сөйлесек, бізді ешкім жоққа шығара алмайды.

— Ел ішінде академиялық тарихтан гөрі фольк-хистори танымал екені байқалады. Себе не деп ойлайсыз?

— Себебі біреу — ғылыми таным. Ол — ақыл-ой әрекетінің ең жоғары, күрделі сатысы. Ғылымды екіншісі бірі игеріп кете алмайды. Ал фольклор негізіндегі таным — ақыл-ой ізденісін талап етпейді. Ал енді ғылыми тұрғыда келіп, Шокан Уәлиханов, Әлкей Марғұлан, Қаныш Сәтбаев сияқты жаңалықтар ашса, онда оны ешкім жоққа шығармайды. Сәтбаевтың тұсында Жезқазғанда соншама байлық бар деп ешкім ойлаған да жоқ. Қанекен неше түрлі айғақ-дәлелді жинап, алдарына жайып салып, бұл нағыз бай кен орны екенін дәлелдеді. Геология ғылымының негізін қалады. Сол бір адамның еңбегінің арқасында бүгінде әлем Қазақстанды таниды. Бізде ғылыми тұрғыда осындай ұлы жаңалықтар ашылса, бұл — тарихты жеңіл-желпі түсінуден алыстатар еді. Үлкен біліммен ашылған ғылымның нәтижесі нық қалпында қала береді.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

ЖЕҢІМПАЗДАРДАН ҚАБІЛЕТТІЛЕР ЖАЗАДЫ

гуманитарлық салада, соның ішінде адами құндылықтарды сақтау, халықаралық қатынастар мәселесіне келгенде, біздің әлеуетіміз жоғары. Егер біз шынымен де елімізге келген азаттық пен бостандықты сақтап қалғымыз келсе, әсіресе экономика, технология саласында алғашқылардың қатарында болуымыз тиіс. Осы мәселені басты назарға алып, жастарымызды ғылым мен техникаға бағыттауымыз маңызды. Қазір бір инженер бір мемлекеттің тағдырын анықтап бере алады. Тарихқа көз жүгіртсек, Королев ракетаны жасап шығарса, Курчатов атом бомбасын шығарып берді. Міне, осындай жаңашылдыққа ұмтылып, өзімізді көрсете алсақ, мемлекетіміздің болашағы жаман болмайды.

— Тарихтағы ұлы тұлғалардың ұлттық құндылықтарды қалыптастырудағы рөлі қандай болды? Тұлғаларды түгендегеннің жөні осы деп біраз жұрт өз ата-бабасын ұлықтап кеткен жоқ па?

— Менің түсінігімде, ұлы тұлға — адамзат өркениетіне олжа салған және сол олжасы күні бүгінге дейін өзінің жемісін беріп келе жатқан адам. Айтайық, Шәмші Қалдаяқов музыкасымен, Қаныш Сәтбаев ғылымымен ұлы тұлға болды. Олардың қалдырған мұрасы әлі де жұмыс істеп тұр. Жезқазған қаласы — экономика-

мыз бәсекеге қабілетті болғанының бір көрінісі — осы. Дегенмен осындай ұлы тұлғаларды тануда кешуілдеп қалатынымыз бар. Оның бір мысалы, біз Димаш Құдайбергелді әнші ретінде таныған жоқпыз. Димаштың бағын ашқан — Қытайда өткен байқау мен сонда отырған мамандар еді. Әйтпесе, біздегі қыз-жігіттер Димашқа «өлең айтпай-ақ қой» деп те ақыл айтқан кезінде. Ашығын айтсақ, біз тұлғаларды тануға келгенде әлі де баяу қадам басып келеміз. Кезінде қазақ қоғамы Мұқағалиды таныған жоқ. Халық оны құрметтеді, керемет ақын екенін сезді, білді. Бірақ саясат ақынды қолдаған жоқ. Сөйтіп, Мұқағали көп ақынның бірі сияқты қала берді. Ұлыларды тану оңай емес. Бірақ олар танылмай да қалмайды. Шын ұлы шығармасы бар адамдар кезі келгенде міндетті түрде белгілі болады. Ал ұлы тұлғаларсыз халықтың күш-қуаты артпайды, танымы көтерілмейді. Бұл өзі бір-бірімен тығыз байланысты құбылыс. Біз бір ұлыны танымасақ, мойындамасақ, онда тарихымыз жапа шегеді, болмысымыз ашылмайды, беделімізге нұқсан келеді. Ұлыларды тани білу де — сынақ. Ол сынақтан өте білу де — сынақ.

— Тарихты түгендеу мен тарихты қайта жазу — екі бөлек ұғым. Сіздің ойыңызша, біз тарихи

Бірақ соның өзінде де кейде шектен тыс асыра сілтеу байқалады. Кейінгі уақытта «батырларымыз» тым көбейіп кетті. Мәселен, XVIII ғасырда қазақта бес мың батырдың аты белгілі болды дейді. Бес мың батыр! Ал сол дәуірдің өзінде Бұқар жырау бар болғаны жиырма батырдың есімін ғана атайды. XIX ғасырдың ғұламасы Шокан Уәлиханов та

нымдар керек. Сонда барып ақиқат ашылады. Ғылымның екі-ақ функциясы бар. Бірі — жаңалық ашу болса, екіншісі — ақиқатты айту. Ғылым жолындағы адамның теориясы да, методологиясы да, білімнің қазынасы да телегей-теңіз болуы қажет қой. Егер мұндай дайындыққа ие болмасақ, біздің тарихты бұрмалаушыларға қарсы

Кезінде ағылшын тарихшысы Арнольд Тойнби «Көшпенділерде тарих пен өркениет жоқ» деген пікір айтқан. Осындай тұжырымдарды жоққа шығару үшін біз нақты дерекке, терең теориялық пайымға сүйенуіміз керек.

қазақтың жиырма шақты батырын ғана жазады. Мың кісіге татитын бір батыр бар да, мыңы жабылып бір батырға татымайтын, асыра сілтеудің арқасында қолдан жасаған «батырларымыз да» бар ғой. Тарихты түгендеу — барды бағалау, ал қолдан батыр жасау — тарихты бұрмалау. Біз онымен өткенімізді толықтыра алмаймыз, жолдастар.

Не нәрсеге болсын, танымның үздік ғылыми әдісін қол-

тұра алмаймыз. Кезінде ағылшын тарихшысы Арнольд Тойнби «Көшпенділерде тарих пен өркениет жоқ» деген пікір айтқан. Осындай тұжырымдарды жоққа шығару үшін біз нақты дерекке, терең теориялық пайымға сүйенуіміз керек. Жай ғана «Абай жақсы, Шокан жақсы» дегеннен түк шықпайды. Олардың несімен жақсы екенін соқырға таяқ ұсатқандай дәлелдеуіміз тиіс. Мәселен, көшпенділер техника са-

25 ҚАЗАН 2025 | СЕНБІ



Әр халықтың тарихында ұлт рухын көтеріп, елдіктің мәңгілік белгісіне айналған ескерткіштер бар. Олар тек тастан, қола мен мәрмәрдан қашалған мүсін емес, олар – халықтың жүрегінен шыққан еркіндік үні, ұлттың тағдырлы сәттерінің тасқа таңбаланған шежіресі. Егемен ел атанған сәттен бастап, Қазақстан да өз тәуелсіздігін ұлықтайтын, ел рухын асқақтататын ескерткіштерін тұрғызды.



Сонымен бірге алыстағы аудандарда да ел рухын көтерген ескерткіштер бар. Мысалы, 2008 жылдың қарашасында Жаркент қаласының орталығында Желтоқсан көтерілісінің құрбандары Ләззат Асанова мен Ербол Сыпатаевқа арналған ескерткіш ашылған. Ал Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай Аягөз және Тараз қалаларында «Тәуелсіздік таңы» атты арнайы монумент бой көтерді.

Ақтөбе қаласында бой көтерген ескерткіштің бірі «Тәуелсіздік тұғыры» айрықша архитектураның биіктігі – 20, ені – 2,4 метр болатын тұғыр тұтастай сапалы бетоннан құйылған. Оның бір жақ қырында республика Гимнінің мәтіні, екінші жақ бетінде Гимннің нотаға түсірілген музыкалық нұсқасы, ал үшінші жақ қырында мемлекеттік рәміздердің авторлары туралы мәліметтер нақышталып берілген. Төртінші қырында Ақтөбе деген сөз жазылып, осы қаланың нышандық белгісі – қызғалдақ көрініс тапқан. Тәуелсіздік тұғырының ұшар басында орналасқан Елтаңба екі жаққа бірдей көрінеді. Оның салмағы 250 келі болса, диаметрі – 215 см. Жоба авторы, белгілі кәсіпкер – Арынғазы Беркінбаев.

Тәуелсіздік ескерткіші Қарағанды қаласында да бой көтерген. 47 метрлік ескерткіштің ұшар басында

А Көктем ҚАРҚЫН

1991 жылы азаттықтың ақ таңы атқанда, қазақ даласы ғасырлар бойы ансаған тәуелсіздікке қол жеткізді. Сол күннен бастап елдің әр өңірінде егемендіктің символы, рухын күәсі болған ескерткіштер бой көтере бастады.

Алматы қаласындағы Тәуелсіздік монументі – соның ең айшықтысы. Ол Республика алаңында орналасқан. Мұның да өзіндік себебі бар. Алматы қаласындағы еңбекшілер қауымының мерекелік салтанатты шаралары, сондай-ақ әскери шерулер өтетін алаң 1980 жылы ашылған. Ал Республика алаңына Тәуелсіздік монументі 1996 жылы орнатылған. Ресми ашылуы сол жылы 16 желтоқсанда болды.

Қазақтың қолданбалы өнерінен тамыр тартқан Тәуелсіздік монументінің негізгі ортасында композициясы ұлттық өрнекпен көмкерілген текшелі дінгек тастан құралып, оның биіктігі 28 м-ге жетеді. Көк аспанға қарай шаншыла бой көтерген орталық дінгектің ұшар басы қауызы ашылмаған қызғалдақ тәрізді жұмырланып мүсінделген әрі оған Қазақстанның елтаңбасы ойылып түсірілген. Оның үстіңгі жағындағы қоладан құйылған қанатты барыстың үстінде оң қолында қыран құсы, сол қолында садағы, белінде қанжары мен асынып алған қорамсағындағы сауыт, алтынға малынған жебелері бар дулығалы жас сарбаздың құрыштай мығым бітім-тұлғасы (биіктігі – 6 м, ал салмағы – 4 т) аса айбарлы кейіппен, Тәуелсіздік монументінің беріктігі мен ауқымдылығын айқын аңғартады.

Астанадағы Бәйтерек монументі де тәуелсіз Қазақстанның символына айналған. Бұл – тек архитектуралық нысан емес, ел арманының

ЕГЕМЕН ЕЛДІҢ ЕСКЕРТКІШТЕРІ



көрінісі. Самғаған қырандай, көкке ұмтылған бәйтерек – Қазақ елінің биік мұратының бейнесі. Ол – елдің тамыры тереңде, ал арманы көкте екенін айғақтайтын сәулет туындысы. Бәйтерек – жай ғана бақылау мұнарасы емес, «Өмір ағашы» мен қасиетті «Самұрық құсы» туралы көне қазақ аңызын паш ететін Астананың басты нышаны және сәулет өнерінің ғажайыбы. Биіктігі 105 метрді құрайтын (97 метрі 1997 жылды – елорданың көшірілген жылын білдіреді) бұл бірегей құрылысты болашаққа деген үмітпен күнді бейнелейтін алып «Алтын шар» (диаметрі – 22 м) тәж етіп тұр.

Қай заман болмасын, елдің еңсесін көтеріп, рухын асқақтатар

лары – Сәрсенбек Жүнісов және Жанбыршы Нұрқенов.

«Мәңгілік ел» қақпасы еліміздің жүрегі Астана қаласында орналасқан. Ол 2011 жылы Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай салтанатты түрде ашылған. Қақпа – ел дамуының жаңа кезеңін, азаттықтың баянды болашағын бейнелейді. Архитектуралық тұрғыдан алғанда, бұл ескерткіш ежелгі түркі өркениеті мен заманауи сәулет өнерінің үндестігін көрсетеді. Қақпаның биіктігі – 20 метр, ал ені мен құрылымдық элементтері ұлттық нақыштағы ою-өрнектермен көм-

Тәуелсіздік ескерткіштері – ел тарихының үнсіз шежірешісі. Олар күн сайын таңды қарсы алып, желмен бірге желбіреген көк байраққа қарап, бір ғана ұлы ойды еске салады: «Бұл жер – азат елдің жері, бұл ел – тәуелсіз халықтың елі!».

керілген. Сәулетшілер оның әрбір бөлшегіне терең мағына сыйдырған. Мысалы, қақпаның ортасындағы «Мәңгілік ел» жазуы – ұлттың ұраны, елдің мәңгі тұғырлы болуға деген сенімін білдіреді. Ал бағандар мен күмбес бейнелері – тұрақтылық пен берекенің белгісі. Қақпаның төрінен өтетін әрбір адам өз жүрегінен өткен тарихты сезінеді: бір жағында – бабалар ерлігі, екінші жағында – бүгінгі ұрпақтың жасампаз еңбегі мен болашаққа ұмтылысы. «Мәңгілік ел» қақпасы осылайша өткен мен келешекті жалғап тұрған рухани көпір іспетті.

Сонымен қатар еліміздің әр өңірінде тәуелсіздікке арналған ескерткіштер мен мемориалдар орнатылған. Мысалы, Қызылордадағы Тәуелсіздік алаңы, Түркістандағы Тәуелсіздік монументі, Орал мен Шымкенттегі еркіндік ескерткіштері – бәрі де ел бірлігінің, ұлт намысының, азаттықтың айғағы. Бұл ескерткіштер – тек әсем мүсіндер емес, ұлт жадын жаңғыртатын, жас ұрпақтың бойына елге деген сүйіспеншілікті сіңіретін рухани қазына. Олар бізге өткенді ұмытпауға, бүгінді бағалауға және ертеңге сеніммен қарауға үндейді.

алтынмен апталған, шапағын шашқан күн мен қыран тұр. Олар егемендікті білдірсе, стелланың төрт бұрышындағы төрт пырақ – еркіндікке ұмтылған ел нышаны. Бұл ескерткіш – өткен күннің белгісі ғана емес, Қазақ елінің тәуелсіздік жылдарында қол жеткізген зор табысының, оның жарқын болашаққа ұмтылысының белгісі іспеттес.

Ел тарихындағы көптеген дәуірлік оқиға мен оның қалыптасу кезеңдерін бейнелейтін Тәуелсіздік монументі Шығыс Қазақстан облысында да бар. Монументтің биіктігі – 15,7 метр, диаметрі – 10,9 метр. Төбесінде Қазақ хандығының негізін қалаушылар – Керей мен Жәнібектің мүсіндері, төменгі бөлігінде Қазақстанның даму тарихы бейнеленген барельеф орнатылған. Монументтің орталық бөлігінде үш жоғары бидің – Төле би, Қазыбек би және Әйтеке би мүсіні орналасқан.

Тәуелсіздік ескерткіштері – ел тарихының үнсіз шежірешісі. Олар күн сайын таңды қарсы алып, желмен бірге желбіреген көк байраққа қарап, бір ғана ұлы ойды еске салады: «Бұл жер – азат елдің жері, бұл ел – тәуелсіз халықтың елі!».





Осыдан тура 35 жыл бұрын Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуына жол ашқан, саяси жүйенің жаңарып, соның ішінде қазіргі билік құрылымдарының іргесін қалауға түрткі болған құжат қабылданды. Егемендік туралы декларацияны меңзеп отырғанымыз айтпаса да белгілі жайт. Осыдан кейін Қазақстанда бірқатар жаңа саяси институт пайда болды. Президенттің билік етуі, Парламенттік жүйе, тәуелсіз сот, тіпті азаматтық қоғамның қалыптасуы да декларациядан бастау алған үдерістер болатын.

Мадияр ТӨЛЕУ

Жалпы, бұл тақырып ел тарихындағы маңызды кезеңге апарып тірейді. Алдымен құжат қабылданар уақыттан сәл әріге — 1990 жылғы 24 сәуірге қараймыз. Бұл күні Қазақстанда Президенттік институттың негізі қаланды. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі ел тарихында тұңғыш рет Президент лауазымын енгізді. Яғни, мемлекеттік басқару жүйесін түбегейлі өзгертудің алғышарты болды. Бұрынғы кеңестік басқару жүйесінде билік партия мен Жоғарғы Кеңестің қолында болса, енді ел басында біртұтас атқарушы билік органы ретінде Президент тұрды. Ол елдің ішкі

және сыртқы саясатының бағытын айқындайтын негізгі тұлғаға айналды. Кейінірек 1991 жылғы 1 желтоқсанда тұңғыш рет бүкілхалықтық Президент сайлауы өткенін жақсы білеміз.

Осы тұста бір дүниенің аражігін ашып алайық. Әрине, Егемендік туралы декларация саяси күші жағынан «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Конституциялық заңға» теңесе алмайды. Бірақ бір нәрсені ұғынған жөн, елімізге дербес жұрт ретінде шешім қабылдауға, саяси құқыққа ие болуға дәл осы декларация бастама болған еді.

Қазір елдің бүкіл тыныс-тіршілігін реттеп отырған заңдарды шығарған билік — Парламенттің қалыптасуы да декларациядан

ДЕКЛАРАЦИЯ: САЯСИ ДАМУДЫҢ АЛҒЫШАРТЫ

кейін басталды. 1995 жылға дейін, 5 жыл бойы оның бастапқы органы ретінде Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі жұмыс істеді. Бірақ осы аралықта бірнеше даму кезеңдері жатыр. Мәселен, 1990-1993 жылдары Жоғарғы Кеңес егемен Қазақстанның алғашқы заңдарын қабылдап бастады. Оның қатарында мемлекеттік егемендік, тіл, жер, меншік туралы көптеген тармақ бар. Ал 1993 жылы Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Конституциясы қабылданып, билік тармақтары жіктелуге көшті. Ақыры 1995 жылы жаңа Конституциямен қазірге дейін қызмет ететін екі палаталы Парламент құрылды. Сенат жоғарғы палата атанды, төменгі палата ретінде Мәжіліс танылды.

Біз бетке алған демократия негіздеріне кадам басу жолын осы Парламент қалыптастырды. Себебі депутаттар азаматтардың өкілі ретінде қызмет етеді, әр заң қабылданарда оның халыққа, қоғамға қандай пайда не зияны болатыны алдын ала талқыланады. Яғни, көпшіліктің көзқарасы ескерілді, қайшылықтар жойылып отырды.

Декларация жол ашқан негізгі тармақтың біріне Конституциялық және құқықтық институттардың қалыптасуын да қоса аламыз. 1993 жылғы Конституция Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Негізгі заңы болды. Ол егемен мемлекеттің құқықтық мәртебесін, биліктің заң шығарушы, атқарушы, сот билігі деп жіктелуін бекітті. Ал 1995 жылғы Конституция Қазақстанның президенттік республика ретінде билік құрылымын айқын-

дап, адам құқықтарын басты құндылық ретінде бекітті.

Егемендік туралы декларациядан кейін Қазақстан өз бетінше қорғаныс құрылымдарын қалыптастыру процесін бастады. Әуелде Қорғаныс комитеті болған құрылым арада 1 жыл өткенде Қорғаныс министрлігі болып жасақталды. Кейін сот жүйесінің ең беделді органы саналатын Жоғарғы сот, Прокуратура, Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті жұмысын бастады. Бұлардың бәрі де қазір мемлекеттік қауіпсіздік пен заңдылықты қамтамасыз етіп отыр. Осы институттар мемлекеттің құқықтық мемлекет ретінде дамуына жол ашты, қазір біз жиі айтатын Әділеттілік пен заң үстемдігі идеясын орнықтырды.

Кеңес дәуірінде тек бір партия болғанын білеміз, билік те соның қолында еді. Егемендік жарияланған соң Қазақстанда жаңа саяси қозғалыстар мен партиялар пайда болды. Оның қатарында «Азат» қозғалысын, Қазақстанның социал-демократиялық партиясын атай аламыз. Кейінірек 1999 жылы «Отан» партиясы құрылып, қазіргі «AMANAT» партиясына айналды.

Айтпақшы, 1995 жылы елімізде жалпыхалықтық референдум өтті, сол арқылы жаңа Конституция қабылданды. Бұл да азаматтық қоғамның бастауындағы кезеңдер еді. Бұқаралық ақпарат құралдарына еркіндік берілді, қоғамдық ұйымдар, кәсіподақтар, жастар қозғалыстарының ықпалы күшейді. Осы өзгерістер қоғамның саяси мәдениетін арттырып, халықтың ел тағдырына тікелей араласу мүмкіндігін тудырды.

Қазақстанның егемен ел ретінде сыртқы саясатын жүргізу ісі де декларациядан соң басталған. 1991 жылы еліміз өз тәуелсіздігін жариялап, БҰҰ, ЕҚЫҰ, ТМД сияқты халықаралық ұйымдарға мүше болды. Әлемдік қауымдастық бірауыздан мойындап жатты. Сыртқы істер министрлігі құрылып, әлем елдерімен дипломатиялық қатынастар орнатылды. Сол арқылы дүниежүзіне өз көзқарасын ашық жеткізді. Мысалы, бейбітшілік пен ядролық қарусыздану саясатын алға тарта аламыз. Соның арқасында жергілікті халыққа ондаған жыл уайым болған Семей полигоны жабылды.

Елдің егемендігі туралы айтқанда экономикалық егемендіктің де қалыптасу кезеңі болғанын білеміз. 1993 жылы ұлттық валютамыз теңге айналымға енгізілді. Халық үшін үлкен бір тосын сый секілді қабылданғаны жасырын емес. Ұлттық банк, Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті құрылды. Біршама қиындықтарға қарамастан нарықтық экономикаға өту басталды, жеке меншік пен кәсіпкерлік дамыды. Толыққанды экономикалық және саяси тәуелсіз мемлекетке айналдық.

Қорыта айтқанда, 1990 жылғы Егемендік декларациясынан кейін Қазақстанда бірнеше саяси институт құрылды. Сыртқы саясаты, өз билігі, дербес көзқарасы бар ұлыс ретінде танылды. Сондықтан декларация қабылданған кезеңді еліміздің қазіргідей құқықтық, демократиялы һәм тәуелсіз бопып қалыптасуының бастауы ретінде санаймыз.

БАЛАЛАРҒА БАҚЫТ СЫЙЛАҒАН КҮН

Республика күні қарсаңында Қарағанды облысы онкүндік бастағаны белгілі. Соның аясында Шет ауданының Сәкен Сейфуллин кентінде жаңа мектеп есігін айқара ашып, Бұқар жырау ауданындағы Көкпекті ауылында заманауи балалар ойын алаңы пайдалануға берілді.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ, Қарағанды облысы

Сәкен Сейфуллин кентіндегі жаңа білім ордасы «Келешек мектебі» ұлттық жобасы аясында салынды. 300 орынға арналған мектепте оқушылардың жан-жақты дамуына және сапалы білім алуына барлық мүмкіндік жасалған. Кең әрі жарық кабинеттер заманауи, эргономикалық жиһазбен жабдықталған. Мұнда асхана, кітапхана, спорт залы бар. Сондай-ақ STEM-зертхана, жаратылыстану-математикалық бағыттағы сыныптар, робототехника мен графикалық дизайн кабинеттері, түрлі үйірмеге арналған арнайы бөлмелер жұмыс істейді.

Мектепке жасанды интеллект технологиясымен жабдықталған 22 интерактивті тақта орнатылған.

Білім ордасы қауіпсіздік тұрғысынан да заманауи талаптарға сай. Мұнда полициямен тікелей байланыс орнатуға арналған дабыл түймелері қойылған. Олар бейнекамералармен жабдықталған, бұл төтенше жағдайда ахуалды жедел анықтап, тез әрекет етуге мүмкіндік береді.

— Бүгін сіздердің алдарыңызда үлкен мүмкіндіктердің есігі ашылды. Бұл мектеп балалар арманының бастауына айналсын. Ізденімпаз, білімге құштар, Отанын сүйетін ұрпақ болып өсініздер. Біз ұстаздар мен ата-аналардың еңбегін жоғары бағалаймыз — ол еліміздің болашағының берік іргетасы. Баршаңызды Республика күнімен және жаңа мектептің ашылуымен шын жүректен құттықтаймын! Бұл білім ордасы өскелең ұрпақтың нағыз білім мен тәрбие ошағына айналсын, — деді салтанатты шарада сөз сөй-

леген облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

Оқушылар жаңа мектеппен танысып, алғашқы сабақтарын бастап кетті. Жаңа жабдықтармен ұстаздар да танысып жатыр. Білім саласының ардагері Айнагүл Түсіпбекова 40 жыл бойы мектепте еңбек еткен. Қазір ол ата-аналар комитетінің төрайымы. Екі немересі осы жаңа мектепте оқиды. Ардагердің айтуынша, жаңа оқу ордасы сапалы білім алуға барлық жағдай жасайды.

Мектептің ерекшелігі — бастауыш және жоғары сыныптарға арналған бөлек блоктардың болуы. Ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін де барлық жағдай қарастырылған: бірінші және екінші қабатты байланыстыратын лифт орнатылған.

— Кентімізде осындай заманауи мектептің ашылғанына бәріміз өте қуаныштымыз. Бұрын бұл тек арман болатын. Енді міне, мектебіміз барлық заманауи білім стандарттарына толық сәйкес келеді. Әсіресе бастауыш сыныптарға арналған кабинеттер өте ыңғайлы. Педагогикалық құрам толық жасақталған, — дейді Сәкен Сейфуллин атындағы тірек мектебінің директоры Алма Әбеуова.

Мектеп аумағы да абаттандырылған: футбол, волейбол, баскет-



бол және хоккей алаңдары, сондай-ақ воркаут аймағы бар. Ауылдық жерлердегі білім беру нысандарын жаңғырту бағдарламасы жүйелі түрде жалғасуда. Айта кету керек, Шет ауданының Ақсу-Аюлы ауылында да «Келешек мектебі» жобасы бойынша жаңа мектептің құрылысы жүріп жатыр. Кейінгі екі жылда Қарағанды облысында жеті жаңа мектеп салынды, оның төртеуі дәл осы бағдарлама аясында іске асырылған.

Ал Бұқар жырау ауданына қарасты Көкпекті ауылында Республика күні қарсаңында заманауи балалар ойын алаңы пайда-

лануға берілді. Жаңа демалыс аймағы бұрын көпбалалы және жалғызбасты аналарға берілген үйлердің ауласында орналасқан. Енді ауыл балалары таза ауада сырғанақ, әткеншек теуіп, түрлі-түсті ойын құрылғыларында қауіпсіз әрі көңілді уақыт өткізе алады. Барлық ойын элементі қауіпсіздік талаптарына сай берік материалдардан жасалған.

Қарағанды облысында екі бірдей балаларға арналған орындардың ашылуы тек бастамасы ғана, Республика күні мерекесін атап өтер онкүндікте тағы да басқа қызықты іс-шаралар жоспарланған.



25 ҚАЗАН 2025 | СЕНБІ



ШАҢАР ШЕЖІРЕСІН ТҮГЕНДЕГЕН БАСЫЛЫМ

Астанадағы Достық пен Мәңгілік ел даңғылы қиылысындағы редакциядан адам аяғы үзілген емес. Бірде алғысын арқалап ақсақалдар келсе, енді бірде мұңзарын айтып көпбалалы аналар келеді. Бәрі де мәселесінің қала әкіміне, билік орындарына жететініне үмітті. Себебі **ASTANA AQSHAMY** газеті елорданың ғана емес, елдің де сөзін сөйлеп, жоғын түгендеп жүрген басылым.

Көктем ҚАРҚЫН

Биыл бас қаланың басты газеттері «Астана ақшамы» мен «Вечерняя Астанаға» 35 жыл толып отыр. Бұл — бір ұрпақтың ғұмырымен пара-пар уақыт. Жақында айтулы мерейтойды Elorda aqshamy медиахолдингінің бас директоры Олжас Сыдықбектің ұйытқы болуымен қос газет дүркіретіп атап өтті. Осы кезең ішінде басылым ел өміріндегі сан түрлі өзгерістер мен тарихи бетбұрыстардың куәсі болып қана қойған жоқ, сол өзгерістердің ортасында жүріп, қоғаммен бірге өсіп, елмен бірге кемелденді. Газет алғаш рет 1990 жылы жарық көрді. Ол кезде астана әлі Ақмолаға көшпеген еді. Дегенмен жаңа елорданың қалыптасуымен бірге газет те жаңа тыныс алды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қиындық пен қуаныш, елордаға көштің басталуы, жаңа қала құрылысының қарқыны бәрі-бәрі осы басылымның бетінде айшықталып отырды.

АҚМОЛА АТАУЫН ҚАЛАДАН БҰРЫН ИЕЛЕНДІ

— Осыдан 35 жыл бұрын, 1990 жылдың қоңыр күзі... Михаил Горбачевтің Кеңес Одағы деген алып елдің тізгінін ұстағанына бес жылдан асқан, қайта құру, жеделдету, жариялылық сияқты тын науқандар нәтижесінде қарыштап ілгері басып, гүлдене, өркендей береді деген қызыл империя керісінше кері кетіп, көбесі сөгіле бастаған сәт еді. Міне, осындай сәтте Одақ құрамындағы Қазақстан Тәуелсіздік декларациясын жария етті. Бұл 1990 жылдың 25 қазаны болатын. Қызыл империя шеңгелі босансып, көбесі сөгілей бастаған сәтте әр ұлт өткеніне көз жүгіртіп, жоғалғанын тү-

гендеуге кірісті. Ғасырлар бойы еңсесі езілген қазақ жұрты да қарап қалған жоқ. Еңалдымен, газеташты. 1989 жылы еліміздегі ірі шаһар — Шымкентте «Шымкент келбеті» басылымы дүниеге келсе, 1990 жылдың 13 қазанында Халық депутаттары Целиноград қалалық кеңесінің шешімімен «Ақмола ақиқаты» апталық газеті оқырманға жол тартты. Қала ол кезде әлі Ақмола атын алған жоқ, нағыз ақиқаттың да ауылы алыстау еді. Сол тұста қазақы рухтың, тәуелсіздіктің ажолтайындай болған басылым қала тұрғындарының тек 18 пайызы ғана қазақ болған, ұлт саны аз қалада ұлттың еңсесін көтеріп, жоғалғанын түгендеуге алғашқы нөмірлерден-ақ атсалыса бастады, — деп өткенді еске алды «Астана ақшамының» бас редакторы Еркін Қыдыр.

«Ақмола ақиқаты» бұрынғы Целиноград қаласында қазақ тілінде шыққан алғашқы басылым болды. Бұған дейін өңірде тек облыстық деңгейдегі «Коммунизм

дың мұң-мұқтажын, ұлттық руханияттың жаңғыруын бейнеледі. Қиын кезеңде, егемендікке бет бұрған тұста, әр жазылған сөздің салмағы ауыр болды. Дегенмен жас редактор мен ұжымы жариялылықтың жаршысы ретінде қоғамдағы өзекті тақырыптарды көтеруге, шынайы пікірді жеткізуге барын салды.

БАСЫЛЫМДЫ БАСҚАРҒАН РЕДАКТОРЛАР

1997-1998 жылдары астананың Алматыдан Ақмолаға көшуі газет атауына да әсер етпей қоймады. Сол тұста басылымның кейбір саны «Ақмола ақшамы» деген атаумен шықса, кейін «Астана ақшамы» атауына тұрақтады. Дегенмен біраз уақыт басылым «Астана хабары» деп те жарияланған кездер болды. Ал газетті әр жылдары Жұмағұл Саухат, Мағжан Садыханұлы, Нұрторе Жүсіп, Амантай Шөріп, Ерболат Камен, Ерболат Тілекка-



нұры» (кейін «Арқа ажары») және «Қараөткел» газеттері ғана шыққан еді. Осылайша, ақиқат шындыққа айналып, уақыт өте келе Арқаның төсіндегі шаһардың байырғы «Ақмола» атауы ресми түрде қалпына келтірілді. Кенже Жұмағұлов «Ақмола ақиқаты» газетінің алғашқы бас редакторы болды. Ол кезде журналистика факультетін енді ғана бітіріп келген жас маман мұндай жауапкершілікті жатсынған жоқ. Керісінше, қазақ руханиятына жаны ашитын, шағын, бірақ жігерлі ұжым құрды. Бастапқы сәттен-ақ ұжым аптасына бір рет шығатын газет бетінде қаланың күнделікті тіршілігін, тұрғындар-

былұлы, Аяған Сандыбай, Зейін Әліпбек сынды білікті журналистер басқарып, басылымның өркендеуіне аянбай үлес қосты. Бірі газетте өндіріс пен экономика тақырыптарына басымдық берсе, енді бірі руханият пен мәдениетке ден қойды. Ал Амантай Шөріп жетекшілік еткен жылдары газет «Айналайын», «Айқаракөз», «Алқоңыр» сынды қосымшалармен шығып, аудиториясын одан әрі кеңейтті. Ерболат Камен басқарған тұста, редакция оң жағалаудан Бәйтеректің іргесіне көшіп келді.

— Арман артынып Астанаға келген кезіміз еске жиі оралады. Оралған сайын ең елордадан алғаш

танығандарымның бірі Амантай Жарылқасынұлынан ой айналдырып өту қиын. Амантай Жарылқасынұлы өзімізді жас тілші кезімізден ресми-бейресми көп ортаға тартып, көп жайсаңға таныстырды. Елордалық ұғымға еркін енуімізге елеулі үлес қосты. Әсіресе, біз байқаған бас редактор Амантай Шөріптің мәтін тексеру мұқиятығы — жөні бөлек әңгіме. Екі сөйлемдік газеттік хабарламаға тақырып қою үшін екі сағат ойлануға бар. Ойлау жылдамдығы шабандығынан дей алмаспыз, әрине. Ғалымдық адалдыктан сіңіргені. Қазақ қара сөзіне көзқарасы кірпияз қаламгер Мақсат Ізімұлының былай дейтіні есімде: «Амантайдың сөздерінің арасына қыл сыйғызу қиын. Ол ол ма, бір сөзін алып тастасан, жазғаны түгел ақсап қалатындай қаланып тұрады», — деп өткенге көз салды Ерболат Камен.

Иә, «Астана ақшамы» талай журналистің бағын ашқан баспасөз. Отыз жылдың ішінде газет тек ақпарат таратушы ғана емес,

рек ғасырлық тарихын ол он жыл бұрын арнайы кітапқа айналдырып шығарған. Бұл — әр ақшамдықтың газетке деген адал махаббатының айғағы. Сол себепті «Астана ақшамы» тек ұжым емес, нағыз үлкен отбасы, әр мүшесі өзге мүшелерін қолдап, бірге дамып келе жатқан біртұтас рухани орта.

— Облыстық және республикалық басылымдарда отыз екі жыл еңбек еткен соң тағдыр тартуымен 2017 жылы «Астана ақшамының» табалдырығын аттадым. Өзіндік дәстүрі қалыптасқан ұйымшыл ұжым үнемі ізденіс үстінде. «Қала мен сала» айдарымен үлкен мегаполис тіршілігінің сан қатпарына үнілсек, «Шаһар шежіресі», «Талайғы тарих» арқылы өткенге көз жібердік, ескі ғимараттар тарихын бедерледік. Әлемдегі өзге үлкен қалалардан не үйренуге болады деп «Әлем астаналары», «Үйренетін үрдіс» атты тұрақты айдар аштық. Ал «Көрші ақысы» деген бетте бауырлас, іргелес елдердегі назар аударып, үлгі алатын мәселелер



«Астана ақшамы» талай журналистің бағын ашқан баспасөз. Отыз жылдың ішінде газет тек ақпарат таратушы ғана емес, шынайы кәсіби мектепке айналды.

шынайы кәсіби мектепке айналды. Бүгінде «Ақшамның шеберханасынан» шыққан мамандар еліміздің түкпір-түкпірінде еңбек етіп, қазақ журналистикасының дамуына өз үлестерін қосып жүр. Себебі, басылым әр журналиске ойлы пікір айтуға, қоғамдағы өзекті мәселелерді көтеруге мүмкіндік береді.

БАСПАСӨЗДІҢ БҮГІНГІ БЕЛЕСІ

Бүгінде «Астана ақшамы» газеті абырой биігінен ешқашан төмендеген. Басылымды 2017 жылдан бері белгілі журналист Еркін Қыдыр басқарып келеді. Ол редакцияға келген әр журналиске жанашырлық танытып, жазудың қыр-сырын үйретуден ешқашан жалыққан емес. Біз де сол «Еркін ағайдың мектебінен» өтіп, журналистиканың алғашқы әліппесін үйрендік. Ал бас редактордың орынбасары Ғалым Қожабеков — газетке алғашқы толқынмен келген тәжірибелі журналистердің бірі. Газеттің ши-

ортаға салынды. «Ұлт ұпайы», «Ақтандар ақиқаты», «Мемлекеттік мәселе», «Имантаразы» айдарлары арқылы еліміздің киелі жерлері, агломерация, инновация, цифрландыру, демография, миграция, қазақыландыру, имандылық сияқты тақырыптар үнемі қозғалып отырды. Әсіресе, газетті бұрынғы ірі өндіріс орындарында, аудандарда шығатын көптіражды басылымдардың кіші ауқымдағы А2 форматынан әлемдік, еуропалық стандарт — Д2 форматына көшіруіміз оның мазмұны мен безендірілуін тартымды етуге қол жеткізді. Ұжым ізденісі бағаланып, 2018 жыл соңында Қазақстан Президентінің Алғыс хаты мен республикалық «Нұр сұңқар» сыйлығына ие болдық, — дейді бас редактор Еркін Қыдыр.

Қазір «Астана ақшамы» қағаз және онлайн форматта қатар жұмыс істеп, оқырманға заманауи үлгіде ақпарат ұсынууда. Жас журналистер мен тәжірибелі қаламгерлер тізе қосып, елорда өмірінің айнасына айналған материалдар легін үзбей жариялап келеді. Газеттің әлеуметтік желідегі белсенділігі де артып, оқырман қауымымен байланыс нығая түсті.

35 жыл ішінде бұл басылым талай журналистің шығармашылық мектебіне айналды. Мұнда қалыптасқан дәстүр — кәсіби адалдық, шынайылық және елге қызмет ету. Осы ұстаным газет ұжымының әрбір мүшесіне ортақ қағида.

«Астана ақшамының» 35 жылдығы — елордалық журналистиканың жетістігі ғана емес, тұтас отандық бұқаралық ақпарат құралдарының даму тарихындағы маңызды белес. Басылымға жаңа табыстар мен оқырман ықыласы толастаусыз болсын дейміз!



25 ҚАЗАН 2025 | СЕНБІ

Әлемдегі көптеген елде «Республика күні» ұлттың басты салтанаты саналады. Тиісінше, оны ел болып тойлаудың ізгі дәстүрлері қалыптасқан. Қазақстан үшін де ол – ең басты мереке: «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» заңына сәйкес, өзге мемлекеттік мерекелер бір төбе, «Ұлттық мереке» мәртебесіне ие жалғыз «Республика күні» – бір төбе. Қазақ елі үшін бұл егемен, азат, зайырлы және құқықтық мемлекеттің негізі қаланған тарихи ұлы күннің асыл айғағы, қасиетті бойтұмары.

А Елдос СЕНБАЙ

Осыдан тура 35 жыл бұрын, 1990 жылғы 25 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі түпнұсқа атауы – «Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы декларация жөнінде» деп аталған №307-ХІІ Қаулысын қабылдады. БҰҰ конвенциялары және саясаттану ғылымы бойынша «егемендік» ұғымы «тәуелсіздіктен» жоғары тұрады. Себебі саясаттану ғылымдарының докторы Қадырбек Уметовтың түсіндіруінше, егемендік дегеніміз – мемлекеттік билік елдің бүкіл территориясына таралады және шүбәсіз үстемдік етеді, ал мемлекеттің өзі ішкі және сыртқы істерінде толыққанды тәуелсіздікке ие деген сөз.

Мәселен, посткеңестік кеңістіктегі Украина – тәуелсіз мемлекет, алайда басқыншылық салдарынан мемлекеттік билігі елдің бүкіл территориясына жүрмейді. Ондаған жыл бойы ұқсас күйде болған тәуелсіз Әзербайжан тек 2023 жылы бүкіл аумағын азат етіп, егемендігін толық қалпына келтірді. Дүниежүзінде азат мемлекет болғанымен, ресми билік тармақтарының шығарған заңдары, шешімдері мен үкімдері барлық шекарасына дейін тең тарап, барлық өңірінде бірдей күшіне енетін түпкілікті егемен күнге жете алмай, зар болған, жерінің бүтіндігіне сына қағылған жұрт жетерлік.

Сондықтан мемлекеттік Елтаңбаның авторы Жандарбек Мәлібековтің айтуынша, Республика күні мерекесінде және оның қарсаңында мемлекеттік органдар, балабақшалар, мектептер, қоғамдық ұйымдар және қоғам өкілдері ұлттық идеологияның рухани өзегіне айналған, азаттыққа алғашқы қадам болған Егемендік декларациясын насихаттауға атсалысқаны жөн. Бұл ойын ол Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен Геральдикалық зерттеулер орталығы ұйымдастырған, Қазақстанның Мемлекеттік егемендігі туралы декларацияның қабылданғанына 35 жыл толуына арналған «Егемендік – ел болашағының бастауы» атты дөңгелек үстелде жеткізді.

Бұл мерекеге арналған рәсімдер идеологиялық әрі рухани берік дінгектердің бірі саналатын мемлекеттік рәміздерді ұлықтауға, ұлттық құндылықтарды насихаттауға, тәуелсіздіктің мәні мен маңызын бүгінгі күн тұрғысынан танып, оны елге түсіндіруге, ұрпақ санасына сіңіруге бағытталғаны маңызды. Республика күні тек қазіргі көзі тірі тұлғаларды мемлекеттік наградалармен марапаттаумен шектелмей, жалпы арғы-бергі тарихымызда қазақ елінің тәуелсіздігіне сүбелі үлес қосқан ұлы тұлғалардың осы жолдағы ұлағатты істерін, тағылымды бастамаларын дәріптеу қажет. Сонда Қазақстанның осы жалғыз ұлттық мерекесі ұлттық бірегейлікті нығайтудың, қоғамды, әсіресе өскелең ұрпақты патриотизмге тәрбиелеудің тиімді тетігіне айналады.



БІРЛІК пен БЕРЕКЕНІҢ БАСТАУЫ

Жасыратыны жоқ, қайта оралғанына көп болмағандықтан ба, Республика күнін жалпыұлттық деңгейде атап өтудің бірыңғай тұжырымдама-концепциясы, ортақ дәстүрі әлі күнге қалыптаса қойған жоқ. Бұл мереке Қазақстанда 2009 жылдан бері мемлекеттік мерекелер қатарынан шығарып тасталды және тойланбады. Елдің басты мерекесі – 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні болды.

Әйткенмен, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 16 маусымдағы Ұлытаудағы Ұлттық құрылтайдың тұңғыш отырысында берген тапсырмасын орындау мақсатында ел Парламенті «Кейбір заңнамалық актілерге кинематография, мәдениет және мерекелер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңын қабылдады. Оған Президент 2022 жылғы 29 қыркүйекте қол қойды. Заңға сәйкес, 25 қазан – Республика күні Қазақстандағы бір әрі бірегей ұлттық мереке ретінде айқындалды. Ал 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күнінің ресми мәртебесі өзге мемлекеттік мерекелер қатарына түсірілді.

Ұлттық мерекені атап өтуді бірізділендіру, бірыңғай жүйеге келтіру және барша өңірге ортақ моделін жасау жөнінде ел Үкіметі енді ғана ойласа бастағандай. Осы орайда әзірге тек Сауда және интеграция министрлігі Республика күніне арнап әрі жергілікті әкімдіктермен бірлесіп, ішкі нарықты қолдауға және халық үшін тауарлардың қолжетімділігін арттыруға бағытталған кенауқымды Republic Day акциясын іске қосты. Оның аясында халыққа мыңдаған түрлі тауар әр алуан жеңілдікпен ұсынылады. Ведомствоның хабарлауынша, ауқымды акция 24-27 қазан аралығын қамтиды.

— Осы күндері республиканың барлық өңірінде ірі жеңілдіктер ұйымдастырылып, қазақстандықтар тұрмыстық және басқа да кең сұранысқа ие тауарларды 10-нан 70%-ға дейінгі жеңілдікпен сатып ала алады. Акцияға елде 220-дан

дың орынбасары Ермек Токтаров бүгінде егемендікті өзінен-өзі келгендей қабылдайтын кереғар көзқарас қалыптасқанына назар аудартты: Кеңес Одағы күйреді, демек оның құрамындағы республикаларға тәуелсіздігін жариялау ғана қалды. Шынында олай емес. Бір жағынан, 24 республика сол

аталады? Сарапшының түсіндіруінше, әлемдегі тәуелсіз мемлекеттердің басым көпшілігі республикалық басқару қалыбын таңдады. «Республика» латын тілінен «халық билігі» деп аударылады және биліктің демократиялық табиғатын білдіреді. Яғни, Қазақстанда азаматтар арасынан Президентті, әкімдерді, Парламент, мәслихат депутаттарын халықтың өзі сайлайды. Азаттықты армандайтын халықтардың қозғаушы күші де осы – еркін таңдау құқығына ие болу.

Мұндай талпыныс ұлтты біріктіреді, азаматтарды өз арыстары, ұлттық құндылықтары мен идеалдары, теңдік пен тәуелсіздік айналасында топтастырады. Міне, сондықтан Республика күні бүкіл әлемде тәуелсіздік үшін халықтың бірігуінің, бірегейлігін сақтауының мейрамы.

Мәселен, бұл күні түрлі елде тұрғындар халықтық серуендер мен бұқаралық думанды іс-шараларға мемлекеттік туды алып шығады. Көпқабатты үйлердің балқондарына байрақ ілінеді. Мұндай көрініске туысқан Түркияда да куә болуға болады. Мұнда Республика күні 1923 жылғы 29 қазанда Түрік Республикасының жариялануына орайластырылған. Жұртшылық елдің ең бір ұлық мейрамын тойлауға бір күн бұрын, 28 қазанда кіріседі. Бұл күні көптеген адам үйіне, көлігіне ту іледі, көшедегі сауық-сайранға ұлттық туды көтеріп барады.

Үндістанда әскери парадтар Республика күнінде өтеді. Ел астанасының ең үлкен Картавья Патх даңғылында мемлекеттің әскери қуатын әлемге айғақтайтын кенауқымды әскери шеру ұйымдастырылады. Бұл күн сондай-ақ мемлекеттің штаттарының мәдени, тарихи мұраларын, елдің жетістіктерін дәріптеуге арналады.

Ел көшбасшысы ұлттық туды көтеру арқылы мерекелік іс-шараларды бастап береді. Осы күні тәуелсіздік жолында күрескен тұлғаларға қошмет көрсетіледі, Отан үшін өмірін қиған қаһармандардың отбасы мүшелеріне мемлекеттік марапаттар табысталады. Белгілі тұлғалар, эстрада және Болливуд жұлдыздары, әртіс-әншілер бүкіл елді аралап, бұқараға арналған тегін қойылымдар, қайырымдылық акциялар, басқа да мерекелік іс-шаралар ұйымдастырады.

Италияда халық Екінші дүниежүзілік соғыстан соң бірауыздылық танытып, монархияны жойып, республиканы құрған 1646 жылғы референдумның құрметіне жыл сайын 2 маусымда Республика күнін мерекелейді. Бұл күні дәстүрлі түрде Римде мемлекеттің биік лауазымды тұлғаларының қатысуымен парад өтеді және ол авиашоумен әдіптеледі. Ел қаһармандарының ескерткіштеріне лавр гүлдестелері қойылады.

Жалпы, Республика күні атап өтілетін елдерде мемлекет пен жергілікті қауымдастықтар тарапынан мерекелік іс-шаралар тізімі ретке келтірілген. Оған әскери парадтар, мерекелік шерулер, марапаттаулар, концерттер, қайырымдылық акциялары, мәдени іс-шаралар және басқасы кіреді. Олардың әрқайсысын даралайтыны – іс-шаралар сол елдің төл ұлттық құндылықтарын, тарихы мен мәдениетін дәріптейді және жергілікті ерекшеліктерді, салт-дәстүрлерді ескереді.

замандағыдай Ресей Федерациясы құрамында қалып қойды. Екінші жағынан, азаттық – ата-бабаларымыздың көптеген буынының төккен тері мен еткен ерлігінің нәтижесі. Аға ұрпақ тәуелсіздікке ұмтылмаса, егемен мемлекетті құруды қаламаса, жеке шығудың да қажеті болмас еді.

— Сондықтан біздің және келер ұрпақтың алдында биік міндет-мұрат тұр – Қазақстанның егемендігі мен тәуелсіздігін сақтап, нығайтып, келешекке ұлестіруге тиіспіз. Әйтпесе, бұл құндылықтарымызды қорғамай, берік етпей, қолдан берсек, тарихымыздағы азаттық үшін күрестің, қазіргі үлестің бәрі бекер болмақ, — деді сарапшы.

Е.Токтаровтың дерегі бойынша Республика күні әлемдегі көптеген елде бар және ол әртүрлі тарихи оқиғаға байланысты тағайындалады. Қазақстанда бұл – бірпалаталы Парламенттің Егемендік декларациясын қабылдаған күні. Ал Үндістан ел Конституциясы қабылданған 26 қаңтарға Республика күнін бекітті. Себебі осы күні, 1950 жылы өмірге жолдама алған Ата Заң елдің британдық отар-доминионнан тәуелсіз республикаға өткенін паш етті. Мұның сыртында үнді елінде Тәуелсіздік күні ұлттық мерекесі де бар.

Бразилия болса, Республика күнін 15 қарашада кең ауқымда тойлайды. 1889 жылғы осы күнде елде әскери төңкеріс болды. Соның нәтижесінде монархиялық билік формасы жойылды және президент басқаратын Бразилия республикасы жарияланды. Ал 1822 жылы Португалиядан тәуелсіздік алған күні – 7 қыркүйекте жыл сайын Бразилияның Тәуелсіздік күні ұлттық мерекесі атап өтіледі.

Неге Қазақстанда Егемендік алған күн «Республика күні» деп

астам сауда-ойын-сауық орталығы, сауда үйлері, супермаркеттер, ірі дүкен желілері мен онлайн-маркетплейстер сияқты сауданы саны қатысып жатыр, — деді министрліктің баспасөз қызметі.

Жеңілдіктер негізінен тұтынушылық және тұрмыстық тауарларға: киім, аяқкиім, электроника, тұрмыстық техника, үйге арналған заттар мен күнделікті сұранысқа ие басқа да өнімге беріледі. Акция офлайн және онлайн сауда нүктелерін қамтиды. Онлайн форматта бірқатар танымал платформа қосылды: Wildberries-де жеңілдіктер – 90%-ға дейін, Fortemarket-те – FMFEST промокоды арқылы 10 мың теңгелік бонус, Kaspi магазин түрлі тауар санатына 58% дейін жеңілдік ұсынады. Бұдан бөлек, 25 қыркүйек-30 қазан аралығында Қазақстанда «Береке Fest» республикалық акциясы өткізіледі. Бүкіл республика бойынша акцияға 80-ге жуық сауда желісі қатысып жатыр.

Дәстүрлі түрде Республика күнінде әр саланың үздік өкілдері мемлекеттік наградалар алады, ел өңірлерінде өнер және шығармашылық ұжымдардың концерттері, спорттық жарыстар, ұлттық ойын сайыстары, парктөреде халықтық сауық-серуендер өткізіледі. Ауыл шаруашылығы жәрменкелері, автошерулер, әр алуан флешмобтар, патриоттық челленджер де осы ұлттық мерекеге арналады. Бір ғана Астананың өзінде 150-ге жуық мәдени-бұқаралық, білім беру, спорттық және әлеуметтік іс-шара, оның ішінде мерекелік концерттер, көрмелер, дөңгелек үстелдер, танымал адамдармен кездесулер, конференциялар, шығармашылық конкурстар ұйымдастырылады.

Философия, саясаттану және дінтану институтының Стратегиялық даму жөніндегі бас директор-

25 ҚАЗАН 2025 | СЕНБІ

«ЕГЕМЕН ҚАЗАҚСТАННАН» – ҰЛТТЫҚ АРХИВКЕ

Ұлт руханиятының абызы атанған қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, қоғам қайраткері Шерхан Мұртазаның жетпіске жуық күнделігі, жүзден аса хаты және өзге де қолжазба қағаздары сақталған. Қайраткердің қаламгерлік лабораториясы, уақыт тынысын бүкпесіз баяндайтын еңбектері архивтерден орын алды.

Күні кеше Ege men Qazaqstan газеті Шерхан Мұртазаның бірегей шығармашылық және зерттеу еңбектерінен құралған құнды құжаттарын Республика күні қарсаңында Ұлттық архивке ресми түрде табыс етті. Бұған қоса, жазушының өмірі мен шығармашылығына қатысты бұрын еш жерде жарияланбаған сирек фотосуреттер, жеке хаттары, жазба дәптерлері мен басқа да тарихи-мәдени маңызы зор құжаттар тапсырылды.

Алкалы жиынға «Қазақ газеттері» ЖШС бас директоры Дихан

Қамзабекұлы, Парламент Сенатының депутаты Дархан Қыдырәлі, белгілі қоғам қайраткерлері Қуаныш Сұлтанұлы, Оразгүл Асанғазы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор Сауытбек Әбдірахман және жазушының туыстары, әдебиеттанушылар қатысты.

Жиын басында Дихан Қамзабекұлы бүгінгі іс-шараның маңызына жан-жақты тоқталып, Шерхан Мұртаза мұрасын ұлттық архивке көшірудің себебін айтты. Қағаз жүзінде сақталған мұраны ұзақ уақытқа жеткізудің бірден-

бір жолы — оның архивте, архив қызметкерлерінің бақылауында болуы.

— Токсаныншы жылдар елдің демографиясы үшін өте ауыр кезең еді. Сол кезде елдің сенімінен шыққан «Егемен Қазақстанның» деңгейін көтерген, оны тәуелсіздіктің үлкен ақпарат құралына айналдырған, еліміздің қалыптасып-дамуы жолында еңбек сіңірген тұлғаның бірі — Шерхан Мұртаза. Ол халыққа қаламымен қызмет етті. Соның бәрін жинақтап, халыққа ұсынар кезде зиялылармен, қаламгердің туыстарымен, достарымен ақылдастық. Бұның алдында «Егемен Қазақстанның» музейін қалыптастырамыз деген үлкен жоба болды. Бірақ Шерағанның мұрасын Ұлттық архивке өткізуді шештік. Парағы сарғайған құжаттарды архив қызметкерлері «емдейді». Осындай мұраны Республика күніне орай тапсыруды ыңғайладық, — деді Д. Қамзабекұлы.



Сөз арасында Дихан Қамзабекұлы келесі жылы Ұлттық баспасөз күнін мерекелеу Ұлттық архивтен басталатынын айтып өтті. Ал мемлекет және қоғам қайраткері Қуаныш Сұлтанұлы тәуелсіздік алу жолында халық үшін қызмет еткен Шерхан Мұртазаның қаламгерлік ерлігіне айрықша тоқталды. Ол қазақ елінің Кеңес Одағының құрамында болған жағдайынан бастап, дербес халық ретінде егемендігі мойындалған сәтке дейінгі тарих жайында әңгімеледі.

— 1990 жылы 25 қазанда біз әлі одақтың құрамында едік. Жалпы одақтың көсегесі сөгіліп, 80-жылдардың II жартысында жағдайы кері кете бастап еді. Сондай кезеңде ең көрнекті тұлға, айтатын үні, ел тыңдайтын дауысы бар қоғам қайраткері Шерхан Мұртаза Әбіш Кекілбаев, Сұлтан Сартай сияқты қайраткерлермен тұғыры мықты, әлеуетті, аудақты мемлекет жасау үшін ауқымды жұмыстар жүргізді. 1997 жылы Камал Смайлов екеуі ерекше оқиғаларды баяндайтын тарихи хат жазысты.

1991 жылы 16 желтоқсанда Конституциялық Заң қабылданған күні түнде біздің мемлекеттігімізді мойындайтын Түркиядан

бірінші хабар келді. Ал 1992 жылдың 3 қаңтарында мемлекеттігімізді, территориялық тұтастығымызды мойындаған Қытайдың делегациясы келді. Осының бәрі — Шерхан Мұртазаның қатысуымен өткен тарихи оқиғалар, — деді Қ.Сұлтанұлы.

Парламент Сенатының депутаты, мемлекет және қоғам қайраткері Дархан Қыдырәлі Шерхан Мұртазаның 80 жылдығына орай «Шындықтың шырақшысы» атты кітаптың жарыққа шыққанын айтты. «Осы кітапты апарғанымызда ол құшағына басып тұрып жылады. Төсек тартып жатқандықтан, сөйлеуге мұршасы келмейтін» деп еске алды Д.Қыдырәлі. Қаламгердің 85 жасқа толуына орай «Егеменнің» кітапханасы» сериясымен «Намыс найзағайы» атты мақалаларының жинағы жарық көрді.

Іс-шара соңында «Қазақ газеттері» ЖШС бас директоры Дихан Қамзабекұлы мен Ұлттық архивтің директоры Сағила Есімсейітқызы архивтік материалдарды мемлекеттік сақтауға беру жөніндегі келісімшартқа қол қойды.

С.БЕГІМБАЙ

ЖАН ЖЫЛУЫН СЫЙЛАҒАН ЖАНДАР

Қазан айының соңғы жексенбісі – Әлеуметтік сала қызметкерлері күні. Бұл – қоғамның әлсіз топтарына қолдау көрсетіп, адамдардың өміріне мейірім мен жылулық сыйлайтын әлеуметтік сала мамандарының еңбегін ұлықтайтын ерекше мереке. Әлеуметтік қызметкерлер мемлекет пен қоғам арасындағы алтын көпір іспетті. Олар күн сайын қарттар мен мүмкіндігі шектеулі азаматтардың, өмірдің қиын жағдайына тап болған отбасылардың жанынан табылып, қамқорлық пен ізгілік көрсетеді.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

Бүгінде Шымкент қаласында 1 913 әлеуметтік сала қызметкері еңбек етуде. Оның ішінде 1 688 маман мүгедектігі бар балалар мен ересектерге, жалғыз-ілікті қарттарға және өз-өзіне қызмет көрсете алмайтын азаматтарға көмек көрсетеді. Ал 30 қызметкер отбасылық құндылықтарды нығайту және тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бағытында жұмыс істейді. 195 әлеуметтік қызметкер халықты жұмыспен қамту және еңбек нарығындағы белсенділікті арттыру бағытында еңбек етуде. Қала аумағында бүгінде 13 арнаулы әлеу-

дау орталығы, сондай-ақ Еңбек мобильділігі орталығы мен аудандық мансап орталықтары тұрақты түрде халыққа қызмет көрсетіп келеді.

Бұл орталықтарда психоневрологиялық ауытқуы бар, тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедектігі бар балаларға, 18 жастан асқан психоневрологиялық ауруы бар азаматтарға және өзіне-өзі қызмет көрсете алмайтын I және II топтағы мүгедектер мен жалғыз-ілікті қарттарға арнаулы көмек көрсетіледі. Қызметтер стационар, жартылай стационар, үйде қызмет көрсету

меттік қызмет көрсету орталығы, I санаторлық-курорттық қызмет көрсету орталығы, мүгедектігі бар азаматтарға арналған I әлеуметтік қолдау орталығы, I отбасын қол-



және уақытша болу түрінде ұйымдастырылған. 2025 жылдың I қазанына дейін Шымкент қаласы бойынша 3 236 адам арнаулы әлеуметтік қызмет түрлерімен қамтылған. Оның ішінде 752 адам стационар жағдайында, 793 адам жартылай стационарда, 402 адам уақытша болу орталығында және 1 289 адам үй жағдайында әлеуметтік қызмет алып отыр.

Бұл туралы өткен брифингте Шымкент қаласы әкімінің орынбасары Сәрсен Құранбек мәлімдеді. Оның айтуынша, қаладағы әлеуметтік қолдау жүйесі кезек-кезеңімен дамып келеді, ал басты назар қызмет сапасын арттыру мен азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған.

«Әлеуметтік сала бұл — адам тағдырымен тікелей байланысты аса жауапты бағыт. Сондықтан

әрбір әлеуметтік қызметкердің еңбегі құрметке лайық. Мемлекет тарапынан бұл салаға тұрақты қолдау көрсетіліп келеді. Біз қоғамның әлсіз тобына жанашыр болма отырып, олардың өмір сүру сапасын жақсарту үшін бар күш-жігерімізді саламыз», — деді Шымкент қаласы әкімінің орынбасары Сәрсен Құранбек бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен өткен брифингте.

Мереке қарсаңында Шымкент қаласының әлеуметтік қызметкерлеріне құрмет грамоталары мен алғысхаттар табысталып, сала үздіктері марапатталмақ. Әлеуметтік сала мамандарының еңбегі — адамгершілік пен қайырымдылықтың, мейірім мен парасаттың үлгісі. Олардың әрбір ісі қоғамдағы бірлік пен өзара қолдаудың маңызын айшықтайды.

КИБЕРҚАУІПСІЗДІК КҮРЕСІ КҮШЕЙДІ

Іле ауданы Өтеген батыр ауылында киберқауіпсіздіктің алдын алу үшін «Заң мен тәртіп» тақырыбында облыстық семинар өтті. Жиынға Алматы облысы бойынша экономикалық тергеу департаментінің аса маңызды істер жөніндегі жедел өкілі Меруерт Еркінқызы мен облыстық полиция департаменті киберкылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасының аса жедел өкілі Керім Әлібек, сондай-ақ ауыл тұрғындары мен белсенді азаматтар қатысты.

Киберкылмыспен күрес, онлайн-алаяқтықтың санын азайту және интернет кеңістігіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында елімізде «Киберқалқан» мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылып келеді. Бұл жоба Қазақстанның ақпараттық инфрақұрылымын қорғауға, киберқауіпсіздік жүйесін нығайтуға және азаматтардың цифрлық қауіпсіздігін арттыруға бағытталған. Бағдарлама аясында бірқатар маңызды шара атқарылды. Атап айтқанда, мемлекеттік органдар мен қаржы ұйымдарының ақпараттық жүйелерін қорғау деңгейі күшейтіліп, цифрлық деректерді сақтау мен өңдеу талаптары қатаң-

датылды. Сондай-ақ кибершабуылдарды анықтап, жедел түрде әрекет ететін арнайы мониторинг орталықтары құрылып, олардың техникалық мүмкіндіктері жаңартылды. Мемлекеттік және жекеменшік ұйымдардың қызметкерлері үшін ақпараттық қауіпсіздік бойынша оқыту курстары мен тәжірибелік жаттығулар тұрақты түрде өткізіліп келеді.

Дегенмен бұл бағытта жасалып жатқан жұмыстарға қарамастан, алаяқтар әлі де өз әрекеттерін тоқтатпайды. Кибершабуылдар жана әдіс-тәсілдермен жалғасып, интернет кеңістігінде түрлі алдау амалдары көбейіп барады. Сарапшылардың



айтуынша, киберкылмыскерлердің әрекеті барған сайын кәсіби сипат алып, жасанды интеллект пен әлеуметтік инженерия тәсілдерін жиі қолдана бастаған.

Осыған орай маңызды шараны облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы Ерболат Тұрымбетов ашып, жүргізіп отырды. Жиын барысында киберқауіпсіздік пен интернет алаяқтықтың алдын алу мәселелері кеңінен талқыланды.

Меруерт Еркінқызының айтуынша, соңғы жылдары киберкылмыстар мен онлайн алаяқтықтардың көбеюіне бірқатар себеп әсер етіп отыр. Сол себептердің бірі — азаматтардың жеке деректерінің интернет кеңістігіне тарап кетуі. «Биыл наурыз айының бас кезінде танымал сервистің екі миллион пайдаланушысының жеке деректері желіге тарап кетті. Интернеттегі алаяқтар сол мәлімет-

терді пайдаланып, түрлі қылмыс жасау қарқынын арттырды. Бұл — тек бір ғана мысал, ал мұндай жағдайлар жиілеп барады», — деді сарапшы.

Оның сөзінше, жеке деректердің таралуы тек Қазақстанға ғана емес, әлемдік проблемаға айналып отыр. «Қазіргі таңда елімізде киберқауіпсіздік саласында екі үлкен мәселе бар — кадр тапшылығы мен кибергигиенаның сақталмауы. Осы олқылықтардың орнын толтыру мақсатында Үкімет бірқатар маңызды шараны қолға алды. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жобасы аясында жоғары білікті IT мамандар даярлауды тапсырды. Соның нәтижесінде былтыр елімізде алты IT мектеп ашылса, биыл тағы бес мектеп ашу жоспарланған. Сонымен қатар ақпараттық қауіпсіздік мамандығына бөлінетін гранттар саны да жыл сайын артып келеді. Бұл бағыттағы жүйелі жұмыс отандық киберқауіпсіздік саласының дамуына зор ықпал етпек», — деді Меруерт Еркінқызы.

Кербез ЕСІМ

Сатып алуды ұйымдастырушы: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (бұдан әрі — Университет).

Мекенжайы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы, №29В мекенжайда орналасқан.

Байланыс телефоны: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62

Сатып алу әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» регламентінің (бұдан әрі — Регламент) 23-бабы f) тармақшасы негізінде конкурс тәсілімен Университеттің №1 бас оқу ғимаратындағы №702 аудиториясына YASAWI STARTUP инновациялық орталығы кабинетін қажет етілген құрал-жабдықтармен, жиһаздармен жабдықтауды және қабырғалары мен есіктерін безендіруді техникалық ерекшелікке сәйкес сатып алу.

Сатып алуға қатысу шарттары: Жұмыстарды орындау мерзімі 30 күнтізбелік күн. Сатып алуға қатысушылар Университет Регламенттінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсыну қажет.

1. әлеуетті өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы (құжаттары);

2. әлеуетті өнім берушінің бухгалтерлік балансы немесе оның талап етілген бөлімдері, егер жоқ болса, оған теңестірілген өзге де құжаттары;

3. әлеуетті өнім берушінің орындаған жұмыс көлемін растайтын жалпы табысы туралы анықтамасы немесе сатып алу нысаны болып табылатын жұмысты орындау саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары;

4. Кәсіби және техникалық біліктіліктерін анықтау үшін келесі құжаттарды тапсыру талап етіледі: әлеуетті өнім берушінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзыретті органдарға тіркеле отырып, жұмыс істеуге рұқсат алғанын және баға ұсынысын жасауға құзыреттілігін растайтын құжаттары; Баға ұсынысы (баға ұсыныстарын беру кезеңінде ҚҚС төлеуші болып табылған жағдайда ҚҚС төлеуші екендігін растайтын құжаттарын қоса ұсына отырып, баға ұсыныстарының шегінде ҚҚС қоса есептеп ұсыну қажет).

5. әлеуетті өнім берушінің мемлекеттік немесе жеке секторда шарт негізінде осы немесе осыған ұқсас тауарларды жеткізгендігін растайтын құжаттары, атап айтқанда соңғы он бес жыл ішінде тауарларды жеткізу саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары;

6. әлеуетті өнім берушінің ұйымдық құрылымы толық көрсетілген және өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын тауарды жеткізу үшін тиісті біліктілікке ие қызметкерлерінің және өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын тауарды жеткізуге қатысты әкімшілік (басқарушы) қызметкерлерінің құрамы мен техникалық қызметкерлерінің кәсіби білімі мен біліктілігін растайтын құжаттары;

7. өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмысты орындау үшін қажетті материалдық-техникалық ресурстарының бар екендігін растайтын құжаттары;

8. әлеуетті өнім берушінің тауарларды жеткізудегі ұсынылған тауарлардың тікелей өндірушісі немесе ресми дилері екендігін растайтын құжаттары;

9. Өтінімді қамтамасыз ету мақсатында әлеуетті өнім беруші ұсынған жалпы сомасының кем дегенде 5%-ы мөлшеріндегі қаражатын төмендегі реквизиттерге енгізуі қажет; Тапсырыс беруші: «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті» мекемесі, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы, 29В, БСН 990440008043, HSBKKZKX KZ436010291000010707, «Қазақстан ХалықБанкі» АҚ.

Сатып алынатын жұмыстардың тізімін (қосымша) <http://ayu.edu.kz> сайтының хабарландыру парақшасынан және/немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы, 29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, 203 кабинеттен алуға болады.

Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты:

Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, тізімделіп, парақшалар бауланып, нөмірленген түрде мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 7 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы, 29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, 203 кабинетте қабылданады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 03.10.2025 ж. (15:00), 201-кабинет.

Сатып алуды ұйымдастырушы: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (бұдан әрі — Университет).

Мекенжайы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы, №29В мекенжайда орналасқан.

Байланыс телефоны: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62

Сатып алу әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» регламентінің (бұдан әрі — Регламент) 23-бабы f) тармақшасы негізінде конкурс тәсілімен Университеттің Н.Назарбаев көшесі, №23 мекенжай ғимаратындағы мүгедектерді оңалту орталығына қажет етілген құрал-жабдықтармен, жиһаздармен жабдықтауды және қабырғалары мен есіктерін безендіруді техникалық ерекшелікке сәйкес сатып алу.

Сатып алуға қатысу шарттары: Жұмыстарды орындау мерзімі 45 күнтізбелік күн. Сатып алуға қатысушылар Университет Регламенттінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсыну қажет.

1. әлеуетті өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы (құжаттары);

2. әлеуетті өнім берушінің бухгалтерлік балансы немесе оның талап етілген бөлімдері, егер жоқ болса, оған теңестірілген өзге де құжаттары;

3. әлеуетті өнім берушінің орындаған жұмыс көлемін растайтын жалпы табысы туралы анықтамасы немесе сатып алу нысаны болып табылатын жұмысты орындау саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары;

4. Кәсіби және техникалық біліктіліктерін анықтау үшін келесі құжаттарды тапсыру талап етіледі: әлеуетті өнім берушінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзыретті органдарға тіркеле отырып, жұмыс істеуге рұқсат алғанын және баға ұсынысын жасауға құзыреттілігін растайтын құжаттары; Баға ұсынысы (баға ұсыныстарын беру кезеңінде ҚҚС төлеуші болып табылған жағдайда ҚҚС төлеуші екендігін растайтын құжаттарын қоса ұсына отырып, баға ұсыныстарының шегінде ҚҚС қоса есептеп ұсыну қажет).

5. әлеуетті өнім берушінің мемлекеттік немесе жеке секторда шарт негізінде осы немесе осыған ұқсас тауарларды жеткізгендігін растайтын құжаттары, атап айтқанда соңғы он бес жыл ішінде тауарларды жеткізу саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары;

6. әлеуетті өнім берушінің ұйымдық құрылымы толық көрсетілген және өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын тауарды жеткізу үшін тиісті біліктілікке ие қызметкерлерінің және өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын тауарды жеткізуге қатысты әкімшілік (басқарушы) қызметкерлерінің құрамы мен техникалық қызметкерлерінің кәсіби білімі мен біліктілігін растайтын құжаттары;

7. өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмысты орындау үшін қажетті материалдық-техникалық ресурстарының бар екендігін растайтын құжаттары;

8. әлеуетті өнім берушінің тауарларды жеткізудегі ұсынылған тауарлардың тікелей өндірушісі немесе ресми дилері екендігін растайтын құжаттары;

9. Өтінімді қамтамасыз ету мақсатында әлеуетті өнім беруші ұсынған жалпы сомасының кем дегенде 5%-ы мөлшеріндегі қаражатын төмендегі реквизиттерге енгізуі қажет; Тапсырыс беруші: «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті» мекемесі, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы, 29В, БСН 990440008043, HSBKKZKX KZ436010291000010707, «Қазақстан Халық-Банкі» АҚ.

Сатып алынатын жұмыстардың тізімін (қосымша) <http://ayu.edu.kz> сайтының хабарландыру парақшасынан және/немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы, 29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, 203-кабинеттен алуға болады.

Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты:

Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, тізімделіп, парақшалар бауланып, нөмірленген түрде мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 7 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы, 29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, 203-кабинетте қабылданады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 03.10.2025ж. (16:00), 201-кабинет.



25 ҚАЗАН 2025 | СЕНБІ

Жылдар бойы егемендікті аңсаған ел үшін «Республика» атты асыл сөздің қаншалықты қымбат екені белгілі. Бұл сөздің маңдайға біткен бақытқа айналғанына 35 жыл толып отыр. 35 жылда елімізде сол бір тарихи сәтті айқындап, «Республика» сөзін атына арқау, айнымас ұстаным еткен ономастикалық таңбалармен қатар отандық брендтер де жетерлік. Ерекше үйлесім тапқан атауларды назарыңызға ұсынып көрдік.

РЕСПУБЛИКАНЫ ЖАУЛАҒАН КИИМ БРЕНДІ

Қазақ жастарына танымал Qazaq Republic дүкені 2017 жылы құрылған. Qazaq Republic бірнеше жылда шетелдік брендтерді жолында шаң қаптырып, бәсекеге шықты. Оған дәлел — сауда желісінің 7 ірі қаладағы 30-дан аса дүкені мен Instagram желісіндегі 600 мыңнан аса оқырманы. Балаңыздың шетелдік брендтен емес, отандық бренд өнімдерін аламын дейтін әңгімесін естіп қуанған да шығарсыз. Qazaq Republic заманауи тренд пен қазақы бояуды сәтті үйлестіріп келеді. Born to be Qazaq, Qazaq Republic 1465 сынды жазуы бар жемпірді кигенде, расымен де, казак



РЕСПУБЛИКАҒА ТАНЫМАЛ «РЕСПУБЛИКАЛАР»



2022 жылы медиа үшін жаңару кезені басталғандай, сайт өзінің бұрынғы төл атауын — Respublika.kz.media атын қайта иемденді.

РЕСПУБЛИКА БОЙЫМЕН...

Еліміздің бірқатар ірі қаласында көше-даңғылға «Республика» аты берілген. Мәдениет және ақпарат министрлігінің дерегінше, елде Республика атын иемденген 29 көше, 5 даңғыл бар. Олардың көбі Астана, Шымкент, Павлодар, Қостанай және ірі облыс орталықтарында орналасқан. Бұл орайда Алматы қаласындағы Республика сарайын айтпай кетуге болмас. Ғимарат кеңес дәуірінде, 1968-1970 жылдары салынып, 1970 жылы В.Лениннің 100 жылдығында ашылған. Солайша, мәдениет орталығы кеңестік көсемнің есімімен аталды, ғимараттың жанындағы қазіргі Достық көшесі де Ленин атында еді. 1991 жылы 10 желтоқсанда Тұңғыш президент Н.Назарбаевтың ресми қызметін бастауына байланысты салтанатты жиын өтеді. Дәл сол кезден бастап ғимарат «Республика сарайы» деп өзгерді. 2008 жылы 21 наурызда Республика сарайына «Республикалық маңызы бар тарих, мәдениет, қала құрылысы және архитектуралық ескерткіші» мәртебесі берілді. Кеңестік кезеңдегі Брежнев атындағы алаң да тәуелсіздік алған жылдары Республика алаңы атауын алды. Республика алаңы — Алматыдағы ең үлкен алаң әрі 1980 жылы Қазақстан астанасының басты алаңы ретінде ашылған. 1992 жылы алаңда алғаш рет Наурыз мерекесі тойланады. Бүгінде алаңда мерекелік іс-шаралар, әскери шеру, халықтық серуен, салтанатты жиындар өтеді. Қарағанды облысында да 2 сквер Республика атына берілген. Ал Солтүстік Қазақстан облысында Республика күні көшесі бар.

Мәнін түсінген жан үшін әрбір құрамдас бөлікте тарих жыры мен сыры бар, көше мен кешеннің, тіпті кәсіптің аты да егемендіктің, елдіктің белгісіндей үнсіз сөйлейді.

Ұлт жастары үшін республика сөзін қолдану ерекше сәнге айналған, әсіресе бұл үрдіс ірі қалаларда көрініс тапқан. Елордада Ziat Republic атты оқу орталығы жұмыс істейді. Балаларды дамытуға арналған орталық тіл курстарымен қатар шығармашылық бағытта да білім береді екен.

боп туғаныңа қуанып, кеуденді бір мактаныш кернейді. Байқағанымыз, елде республика сөзі бар киім дүкендері жиі кездеседі. Соның бірі Астанадағы Республика даңғылында орналасқан Republic және Mens Republic дүкендерін айтуға болады.

КӘСІП КІЛТІ — «РЕСПУБЛИКА»

Ұлт жастары үшін республика сөзін қолдану ерекше сәнге айналған, әсіресе бұл үрдіс ірі қалаларда көрініс тапқан. Елордада Ziat Republic атты оқу орталығы жұмыс істейді. Балаларды дамытуға арналған орталық тіл курстарымен қатар шығармашылық бағытта да білім береді екен. Fruit Republic дүкені көптің сүйікті сусын дүкені болса, The meat republic дүкені балғын ет, сапалы үй тағамдарын дайындайды. Әрине, мұндай қызық атау өте көп, тіпті компьютерлік клубтар да

республика сөзін өзіне ұран еткен. Осы бір қасиетті сөз кез келген кәсіптің кілті, не өркендеудің құпиясы дерсін...

RESPUBLIKA.KZ.MEDIA САЙТЫ

Respublika.kz.media сайты — республикадағы өзекті жаңалықтарды қалт жібермей, ресми ақпарат, сапалы сараптамалық материал ұсынатын көпке белгілі тәуелсіз медианың бірі. Бір айтарлығы, медиа тәуелсіздік алған алғашқы жылдары, нақтылап айтсақ, 2000 жылы газет ретінде жарық көре бастаған. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары тәуелсіз басылымның дүние есігін ашуы айтарлықтай қуаныш, сана серпілісі, ел жанданысының белгісі еді. Газет 2012 жылға дейін үзбей шығып тұрды, кейіннен kz.media ақпараттық-аналитикалық порталына айналды. Портал 2016 жылға дейін жұмыс істеді.

ЕҰУ-дың ЖАҢА ҚАДАМЫ

Республика күні қарсаңында Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде мұнай-газ химиясы және полимерлік материалдар зертханасының салтанатты ашылуы өтті.

Лабораторияның заманауи талдамалық және технологиялық жабдықтарының жалпы құны 300 миллион теңгеден асады. Бұл жоба Ғылым және жоғары білім министрлігінің қаржыландыруы арқылы жүзеге асты. Сонымен қатар зертхананың ашылуына Энергетика министрлігі, Қазақстанның мұнай-газ химиясы қауымдастығы, «ҚазМұнайГаз» АҚ және басқа да компаниялар қолдау көрсетті.

Іс-шараға ЕҰУ-дың Ғылым және коммерцияландыру жөніндегі проректоры Жанна Құрманғалиева, Энергетика министрлігінің Техникалық реттеу және интеграция басқармасының басшысы Әлия Дүйсебаева, Экология және табиғи ресурстар министрлігінің қалдықтарды басқару департаментінің бас сарапшысы Айнұр Батырханова, Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті төрағасының орынбасары Әлия Сембаева, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мұнай өңдеу басқармасының бастығы Олжас Қайдағұлов және ғалымдар қатысты.

«Жаңа зертхананың құрылуы — зерттеу университеттерінің алдына қойылған басты міндетті орындауға бағытталған нақты қадам. Бұл — зерттеулердің қолданбалы сипатын арттыру, өнеркәсіп кәсіпорындарымен ынтымақтастықты дамыту, жаңа өнімдер мен технологияларды өндіріске енгізу арқылы ғылымның ел экономикасына қосатын үлесін күшейту», — деді Жанна Құрманғалиева.

Бүгінде зертханада 30-дан астам жас ғалым ғылыми жұмыстар жүргізуде. Полимер өндіретін отандық компаниялармен тә-



жірибелік байланыс орнатылған. Зертхананың ғылыми нәтижелері өңдеу өнеркәсібін дамытуда, салалық стандарттар мен регламенттерді әзірлеуде, сондай-ақ кадрлар даярлауда қолданылмақ. Бұл мұнай-газ химиясы саласында технологиялық дамуға серпін беретін негіз.

«Біз тек зертхана ашып жатқан жоқпыз — жаңа материалдар, технологиялар мен идеялар туындайтын кеңістік қалыптастырып отырмыз. Бұл бастама қазақстандық өнеркәсіптің дамуына өз үлесін қосады», — деді зертхана жетекшісі, қауымдастырылған профессор Гайни Сейтенова.

Бетгі дайындаған Айсұлу СЪЕЗХАН

Газетіміздің келесі саны 30 қазан күні жарық көреді



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Салтан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгул НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРЖОКИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баһи ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4659
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,